

#КүшімізБірлікте

Біз өзгерісті, ең алдымен, өзімізден бастауымыз керек. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруымыз қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ



ТҰРҒЫНДАР
ТАЛАБЫ
ОРЫНДАЛЫП
ЖАТЫР

6

ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНА



«ШАЛАБАЙЛАР»
қазақтың
тұмағында
өскен

11

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



ҚАЗАҚТЫҢ
ДАСТАРХАНЫ

12-13

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

24.11.2022

Түнде:



+2+4 °C

Бұлтты, жауын-шашын
(көбінесе жаңбыр).

Күндіз:



+7+9 °C

Бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

25.11.2022

Түнде:



+4+6 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №139 (6274) 24 қараша, бейсенбі, 2022 жыл.

ӘКІМ

«АҚЫЛ-ОЙ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТОҒЫСУЫ»

Алматыда EdCrunch Reload 2022 халықаралық конференциясы басталды




Алматыда білім берудегі жаңа технологиялар жөніндегі EdCrunch Reload 2022 «Ақыл-ой мен технологиялардың тоғысуы» атты халықаралық конференция басталды.

2

ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АЛМАТЫ ЖОЛДАРЫ

қысқы маусымға дайын



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жолдағы қауіпсіздік мәселесі, әсіресе, қыс маусымында өзекті. Себебі, қар басып, мұз қатқан жолдарда жол апаттары орын алуы әбден мүмкін. Ерте бастан қамданған жауапты мекемелер уақытында қар аршып, көктайғаққа қарсы қоспалар себуге дайынбыз деп отыр.

3

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің отырысына қатысу үшін Ереван қаласына жұмыс сапарымен барды.
- Сенатта көлік пен жер қойнауын пайдалануды бақылау жөніндегі заң жобасы қаралып, медиация туралы заңды жүзеге асыру барысы, балалар құқығын қорғау мәселелері талқыланды.
- Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов еліміздегі Парламент сайлауы 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында өтетінін, бұл туралы толығырақ Президент жариялайтынын айтты.
- Алматыда 29 қараша мен 3 желтоқсан аралығында Х халықаралық «Бастау» кинофестивалі өтеді.
- Елімізде студенттік жатақхана салатын инвесторларға жеңілдіктер берілмек.
- Қаладағы көліктерге су қосылған бензин құю оқиғасы тексеріліп жатыр.
- Сыбайлас жемқорлық қылмысы туралы ақпаратты енді eGov.kz порталы мен eGov.kz мобильді қосымшасынан алуға болады.
- 2022 жылғы 1 желтоқсаннан бастап «Қапланбек» және «Зангиота» автомобиль өткізу пункттерін қайта жаңартуды бастау жоспарлануда.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров Қазақстанда өткен кезектен тыс Президент сайлауының соңғы қорытындыларын жариялады. Сайлау нәтижесі бойынша, Қасым-Жомарт Тоқаев 81,31 пайыз дауыс жинап, жеңіске жетті. Орталық сайлау комиссиясы Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының сайланған Президенті ретінде тіркеді. Енді 26 қарашада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтіп, Мемлекет басшысы Ант береді.

■ СЕНАТ

Қазақстанға 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін шетелден әкелінген автомобильдерді бастапқы тіркеуге қою үшін бірыңғай алым сомасы 200 мың теңгені құрайды.

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысында кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға және Қазақстанға инвестиция тартуға бағытталған заң жобасы талқыланды. Заң жобасына енгізілген жаңалықтар ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кезінде ҚҚС салығын 70%-ға азайту жөніндегі ережені кеңейтуді көздейді. Енді төленетін салықтың осылай төмендеуі балық өңдеумен айналысатын кәсіпорындарға да қатысты болады. Қант, кондитерлік өнімдер мен ашытқы өндірушілер үшін де ҚҚС мөлшерін 70% төмендету ұсынылып отыр. Заң жобасында сонымен қатар қант шикізатын импорттаушыларды да ҚҚС төлеуден босату ұсынылды. Заң жобасында Қазақстанға 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін шетелден әкелінген автомобильдерді бастапқы тіркеуге қою үшін бірыңғай алым мөлшерін қолдану да жазылған. Алым сомасы 200 мың теңгені құрайды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында осындай тапсырманы жария еткен болатын. Сенаторлар заң жобасын талқылау қорытындысы бойынша оны Палатаның қарауына жіберу туралы шешім қабылдады.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайылов елімізде өткен Президент сайлауы аясында Үкімет жұмысының алдағы жылдарға белгіленген негізгі бағыттарын атап өтті.

«Үкіметтің алдағы жеті жылдағы негізгі міндеті – сайланған Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын сапалы әрі нәтижелі іс жүзіне асыру. Экономикада, әлеуметтік салада және өңірлік саясаттағы түбегейлі өзгерістер осы сайлауалды бағдарламаның негізі болып табылады», – деді Әлихан Смайылов. Оның айтуынша, барлық мемлекеттік органдар мен ведомстволар осы мақсат үшін, яғни әділетті Қазақстан құру жолында халықтың мүддесіне сай күш біріктіріп, жұмыла еңбек етуі тиіс. Премьер-Министр мәлімдегендей, Үкіметтің жұмысы негізінен экономиканы демонополизациялауға, кәсіпкерлік қызметті ынталандыруға және азаматтардың табысын арттыруға, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін жаңғыртуға бағытталатын болады.

■ МИНИСТР

Үкімет отырысында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру жоспарлары қаралды.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинияттың хабарлауынша, бүгінде ауылда шамамен 8 млн адам тұрады, бұл республика халқының шамамен 41%-ын құрайды. Ауыл тұрғындарына 5 мыңнан астам медициналық ұйым қызметкерлері медициналық көмек көрсетеді. Сонымен қатар, арнайы жылжымалы кешендер, медициналық пойыздар және санитарлық авиация қолданылады. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайын жақсартуға арналған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы әзірленді. Жоба үш міндетті қамтиды: 1) фельдшерлік-акушерлік пункттер, дәрігерлік амбулаториялар салу арқылы барлық ауылдық елдімекендерді медициналық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету; 2) заманауи медициналық жабдықтармен жабдықталған заманауи көпбейінді ауданаралық орталық ауруханалар желісін ұйымдастыру; 3) ауылдық денсаулық сақтау объектілерін медицина кадрларымен қамтамасыз ету. Жобаны іске асырудың нәтижесінде профилактикалық қарап-тексерулердің, скринингтердің, сондай-ақ ауыл тұрғынына алғашқы шұғыл, мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ қанайналым жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімді төмендету жоспарланған. Жоба аясында 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысаны салынып, қайта жөнделеді. Сондай-ақ, 12 аурухана жаңғыртылып, жаңадан 20 аудандық аурухана ашылады. Сонымен қатар, басқа да жобалар аясында, мысалы, «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша медициналық объектілер салу көзделіп отыр. Ауыл халқы үшін барлығы 700-ге жуық медициналық объекті ашылатын болады.

■ ТЕХНОЛОГИЯ

Ауыл шаруашылығы министрі Үкімет отырысында АӨК сумен қамтамасыз ету қорытындылары туралы есеп берді.

Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, Үкімет әкімдіктермен бірлесіп қабылдаған шаралардың, сондай-ақ қолайлы ауа райының арқасында биылғы жылы суармалы жерлерден қомақты шығынсыз жоспарланған көлемде өнім өсіруге және жинауға мүмкіндік туды. Сонымен қатар, маңызды міндеттердің бірі суармалы суды ұтымды пайдалану болып қала береді. Биылғы жылы ауыл шаруашылығы дақылдары 1,4 млн га суармалы жерге өсірілді. Бұл 75,8% немесе 1,1 млн гектар жерүсті әдісімен суарылады – фермерлер үшін арзан, бірақ ең ұтымсыз жолы. Суды көп тұтынатын дақылдардың алқаптарын қысқарту жұмыстары жалғасып жатыр. 2022 жылы су үнемдеу технологияларын енгізу қарқыны белгіленген көрсеткіштерден асып түсетінін атап өткен жөн. Жыл соңына дейін АӨК дамыту жөніндегі Ұлттық жоба шеңберінде биыл жоспарланған 265 мың га жаңа суару жүйелерімен 279 мың га қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Мұндай технологияларды пайдалану үшін қазіргі заманғы суару жүйелерін сатып алуға, сондай-ақ барлық қажетті инфрақұрылымды жүргізуге жұмсалатын шығындардың 50%-ы субсидиялау бойынша мемлекет іске асыратын бағдарлама ынталандыру болып табылады.

Аталған бағдарлама бойынша 2022 жылы 11,6 млрд теңге сомаға 400-ден астам АӨК субъектісі субсидияланды.

■ ӘКІМ

«АҚЫЛ-ОЙ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТОҒЫСУЫ»

Алматыда EdCrunch Reload 2022 халықаралық конференциясы басталды



Досбол АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Республика сарайында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев және Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен EdCrunch Reload 2022 халықаралық конференциясы басталды. Іс-шараның ашылу салтанатында алғымсөзді шаһар басшысы Ерболат Досаев айтты:

– EdCrunch жаңа білім беру технологиялары бойынша жаһандық конференциясының ашылуына орай Алматы қаласына қош келдіңіздер! Қаламыз екі күн бойы жаңа білім беру технологияларын дамытудың ошағына айналатынын мақтан тұтамыз.

Өткен жылдар ішінде конференция маңызды білім беру іс-шараларының күнтізбесіне мықтап еніп, өзіміз ізденетін мақсат-міндеттерімен көптеген елдердің танымал зерттеушілерін, педагогтарын, сарапшыларын, инвесторларын және білім беру компанияларының басшыларын біріктіреді. EdCrunch өзінің жүйелі күн тәртібімен, белделді спикерлер құрамымен және жоғары деңгейдегі пікірталасымен танымал. Конференция барлық деңгейдегі білім беруіне, ерте жастан бастап, өмір бойы білім алуға дейін міндеттеріне қатысты кең ауқымды өзекті мәселелерді жан-жақты талқылауға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, «еңбегіміз өнімді әрі берекелі болуы үшін біз білімпаз болуымыз керек», – деді Е.Досаев.

Іс-шараға 25 елден 350 сарапшы қатысуда. Олардың ішінде Израиль, Финляндия, Өзбекстан,

Әзербайжан, Армения елінің ғылым және білім министрлері, сонымен қатар, әлемдік деңгейдегі жиырмадан астам жетекші университеттің ректорлары бар.

EdCrunch спикерлері арасында Minerva инновациялық университетінің негізін қалаушы Бен Нельсон, General Assembly оқыту және инновациялар жөніндегі вице-президенті Дэвид Поркаро, Лондон Корольдік колледжінің генетика профессоры Роберт Пломин, әлемдегі алғашқы Lab of Misfits нейродизайн студиясының негізін қалаушы Бо Лотто және білім беру саласындағы көптеген басқа халықаралық сарапшы бар. Алқалы жиынға Қазақстан атынан мектеп директорлары, ЖОО ректорлары, мұғалімдер, тәрбиешілер және офлайн және онлайн форматта қатысқан 20 мыңнан астам адам жиналды.

«2018-2019 жылдары Мәскеуде өткен EdCrunch-та бірге болған әріптестерімізді бүгін көріп отырмын. Сол кезде біз армандаушы едік: «қап, біздің елде де осындай халықаралық конференциялар өтсе екен» деп. Бүгін міне, екінші рет осындай іс-шара Алматыда өтіп, арманымыз орындалып жатыр.

Қазір алдымызда жаңа мәселелер, жаңа факторлар туындауда. Біріншісі, демография. БҰҰ жер бетінің халқы 8 млрд-қа жеткенін хабарлады. Алдағы он жылда ЖОО-ына 800 миллион тәлімгер қосылады. Яғни демография білім саласына үлкен қысым жасайды. Елімізде соңғы 3 жылда 1,5 миллионға жуық бала дүниеге келді. Екіншісі, көші-қон мәселесі. Қазір барлық студенттер оқуды жалғастырудың жан-жақты мүмкіндіктерін қарастырады. Көптеген шетелдік студенттер Қазақстан университеттерінің есігін қағып жатыр. Бұл еліміз

үшін жаңа академиялық хаб құрып, ғылым-білім орталығына айналудың тамаша мүмкіндігі. Оны іске асыру үшін академиялық инфрақұрылымды дамытуға жұмыс істеудеміз. Оның ішінде шетелдік ЖОО мен шетелдік инвесторларды көптеп тартудамыз. Бұл мәселеге Мемлекет басшысы да аса мән беріп отыр. Сондай-ақ, цифрландыру мәселесі де біздің басты назарда», – деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Конференция барысында сарапшылар оқытудың гибриді форматы, мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектісін дамыту, цифрлық трансформацияға бейімделу, Big Data пайдалану мүмкіндіктері, білім беру кеңістігін жобалау және т.б. мәселені талқылады.

«Бұл конференция білім беру саласындағы жаңа оқыту тәсілдерін таныстырып, оны еліміздің мектептері мен ЖОО-ында қолдану мақсатында өткізіліп жатыр. Оқыту тәсілдері баяғыдай қала бермеуі керек. Тәжірибелі мамандар цифрландыруды білім саласында қолданудың тиімді жолдарын көрсетеді. Аталмыш конференцияның өткізілу арқасында Ресей елі өзіне көптеген жаңашылықтар енгізді, ұлттық онлайн университет ашты. Енді мұндай маңызды шараның Алматыға келуі біздің білім саламызға оң әсерін тигізеді деп сенеміз», – деді Қазақстанда EdCrunch конференциясының негізін қалаушы Нұрлан Қиясов.

Конференция күндері іс-шара қонақтары үшін EdCrunch Expo интерактивті көрмесі ұйымдастырылды, оның аясында офлайн және онлайн режимде жаңа EdTech өнімдерімен, олардың авторларымен танысып, кездесу өткізуге, жеткізушілер мен серіктестер табуға болады.

■ ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ТАУЛЫ АЙМАҚТА АБАЙЛАҢЫЗ!

Қар көшкіні жүруі мүмкін

ТЖД хабарлауынша, Алматының таулы аймақтарында қар көшкіні жүруі мүмкін. Осыған байланысты төтеншеліктер алматылықтардан тауға саяхат жасауды кейінге қалдыруды сұрайды. Ал егер тауға көтерілген болсаңыз, жылы киімдеріңізді, дәрі қобдишасын, GPS навигаторын ала шыққан жөн.

ТЖД Бостандық ауданы басқармасының басшысы Еркебұлан Қасеновтің айтуынша, таулы аймақтарда қар көшкіні қаупі бар. Сол себепті, Үлкен Алматы көліне апаратын жол жабық. Сонымен қатар, спортшылар мен демалушыларды қар көшкініне байланысты ережелерді қатаң сақтауды сұрайды.



ҚАЛАДА ЖАҢБЫР, ТАУДА ҚАР

22 қарашадан 23 қарашаға қараған түні қатты жауын-шашын тіркелді. Қалада жаңбыр, тауда қар жауды, Шымбұлақта 20 см-ге қар түсті.

Тазалық жұмыстарына қала бойынша барлығы 52 техника, 27 мотопомп, 2390 дана ыдыс-қап және 104 жұмысшы жұмылдырылды.

ТЖД желісі бойынша су басу шағымы тіркелген жок. Алайда, проблемалық учаскелерде, әсіресе, Райымбек батыр көшесінен төмен аудандарда арықтардың суға толып кету фактісі болды. Әрбір жағдай ескеріліп, суды бұру сияқты жедел шаралар қабылданды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





БРИФИНГ

АЛМАТЫ ЖОЛДАРЫ

қысқы маусымға дайын

(Басы 1-бетте)

Мегаполис жолдарының қысқы кезеңге дайындығы туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Дулат Әшкенов және Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы тазалық» ШЖҚ МКК директоры Әділет Тоқтасынов айтып берді.

Спикер Әділет Тоқтасыновтың айтуынша, қыс кезінде кәсіпорын 704 мамандандырылған техниканы (612 жекеменшік және 92 қосалқы мердігерлер) дайындап отыр. Ал кәсіпорынның жалпы штат саны 1728 адамды құрайды. Қысқы маусымға 728 жол жұмысшысы, 272 механизатор және 398 жүргізушісі жұмылдырылмақ. Сонымен қатар, күзгі-қысқы кезеңге қосалқы мердігерлер есебінен қала көшелеріндегі жапырақтар мен қарды тазалау және шығару үшін 1000-ға жуық жол жұмысшысын және 200-ге жуық арнайы техниканы (самосвалдар, алдыңғы тиегіштер) тарту жоспарланған.

«Қазіргі уақытта 173 құрамалы тазалау машиналарының 156-сы (90%) жолдарды қыста күтіп ұстауға арналған қондырмалармен ауыстырылды. 8 және 16 қарашада жауған қар кезінде 2105 тонна техникалық тұз және 1998 тонна құм-тұз қоспасы жұмсалды. Қала көшелерінен қар үйінділеріне 388 м³ қар шығарылды», – дейді кәсіпорын басшысы.

Брифинг барысында «Алматы тазалық» мекемесінің директоры кәсіпорынның 7 өндірістік базасы, 7 құм базасы бар екенін айтты. Олардың барлығы қажетті материалдық-техникалық ресурстармен жабдықталған.

Жол бөлігіне көктайғаққа қарсы материалдарды себу үшін 15 мың тонна тұз және 38 мың тонна сүзгі сатып алу жоспарланған, оның ішінде 17 мың тоннаға жуық тұз және 38 мың тонна тұз қалдығы дайындалды. Қосалқы



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

мердігерлер 2124 тонна тұз, 9700 тонна тұз қалдығын дайындауды жоспарлап отыр.

Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Дулат Әшкенов биылғы жылдың соңына дейін 669,3 млн теңгеге 17 техника сатып алуды жоспарлап отырғанын айтты.

«Қазір 17 мың тоннаға жуық тұз бен 38 мың тонна құм дайын. Олар көшелерге көктайғақ кезінде себіледі. Қосымша қор жинап қою да жоспарымызда бар. Сондай-ақ, жыл соңына дейін көше жолдарын тазалау үшін тағы 17 ауыр техника аламыз», – деді ол брифинг барысында.

ҚЫСТА ЖОЛДАРДЫ ҚАЛАЙ КҮТІП ҰСТАЙДЫ?

Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Дулат Әшкеновтің айтуынша, жолдарды қыста күтіп ұстау жұмыстары күзде басталады. Бұл мегаполис жолдарында қысқы уақытта көліктердің үздіксіз және қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бүгінде Алматының коммуналдық қызметтері техника, материалдармен жабдықталып, жол жұмысшылары және кәсіби мамандармен толық қамтамасыз етілген.

«Көше жолдары желісін күтіп ұстаумен 10 мердігер айналысады. Көшелерді күтіп ұстау көшелердің маңызды үш дәрежесі бойынша жүзеге асырылады: бұл қалалық білім көшелері (бас көшелер), аудандық маңызы бар көшелер және жергілікті маңыздағы көшелер. Осыған сәйкес қала көшелерінде күніне кемінде 2 рет, аудан көшелерінде күніне бір рет және жергілікті көшелерде аптасына кемінде бір рет тазалық жұмыстары қолға алынуда. Бірақ бұл жолшылар мұнымен

шектеледі дегенді білдірмейді, жағдай мен ауа райы жағдайына байланысты көлік қозғалысын үздіксіз қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде», – дейді Д.Әшкенов.

Мәселен, жазда 1000-нан астам арнайы техника көмегімен Алматы қаласының көшелерінен 90 тоннадан астам қокыс шығарылады, қыста қар шығарылып, көктайғақпен күреседі.

«Жолды күтіп ұстау» ұғымы қыста жолды қардан тазартудан бастап, мұзға құм-тұз қоспасын себуге дейін және т.б. жол жұмысының кең ауқымын қамтиды.

«Алматы тазалық» кәсіпорны 100 пайыз дайын. Полиция департаментімен бірлесе отырып, қардан тазарту кезінде қозғалыс сызбалары пысықталуда.

«Алматыда өткен аптада жауған алғашқы қар коммуналдық қызметтердің қыс мауысына дайын екенін, мобильді топтардың күнделікті кезекшілік жүргізіп отырғанын көрсетті. Негізгі тапсырмаларды мердігерлер орындады», – деді спикер.

Брифинг барысында Алматы қалалық коммуналдық инфрақұ-

рылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Дулат Әшкенов жол тазалаушы жұмысшыларға үлкен жауапкершілік жүктелетін жұмыстың шешуші кезеңіне аяқ басып отырғандарын атап өтті.

Айта кетейік, биыл кәсіпорын есебінен 263,6 млн теңгеге трактордың жартылай тіркемесі, битум пеші және т.б. 22 техника сатып алынған.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«МЕДЕУГЕ» КЕЛІҢІЗ!

Мұз айдынындағы автотұрақ енді тегін болады

AParking компаниясы хабарлағандай, мұз айдыны маңындағы автотұрақ енді тегін болады. Бұған қоса, оны бақылайтын камералар да алынды. Бірақ аспалы жол аумағындағы шлагбаумды тұрақтар әлі де ақылы.



Желілерде құрылысқа қажетті рұқсат пакеттері жоқ тұрғын үй кешеніндегі пәтерлерді сату туралы хабарландырулар тарап жатыр. Осыған орай, Алматы қаласының әкімдігі толық құжаттаманың болмауына байланысты жылжымайтын мүлікті сатып алуға ұсынылмайтын тұрғын үй кешендерінің тізімін дайындады:

1. «KHAN» клуб үйі – Бостандық ауданы, Витебская к-сі, 44/3, 44 А, СЖТ – бар, жоба эскизі – жоқ;
2. «Castle Rock» ТК – Бостандық ауданы, Ерменсай ы/а, Көлсай к-сі, 31/3, СЖТ, жоба эскизі – жоқ;
3. «Rich» клуб үйі – Бостандық ауданы, Мирас ы/а 24/1, 24/2, 25/5, СЖТ – бар, жоба эскизі – жоқ;
4. «Esentai Terrace» клуб үйі (бұрынғы Pine Hill резиденциясы) Медеу ауданы, 2-көше, 33 учаске, СЖТ – бар, жоба эскизі – жоқ;
5. «Alma Garden» клуб үйі – Медеу ауданы, 6-көше, 7, 9 учаскелер, СЖТ, жоба эскизі – жоқ;
6. Chelsea Club House клуб үйі – Медеу ауданы, Таулы қырат, Сызғанов/Шукшин көшелері, СЖТ, жоба эскизі – жоқ;
7. «Цюрих» ТК – Наурызбай ауданы, Сейітбеков к-сі, 18, 18 А, 18 Б, СЖТ, жоба эскизі – жоқ;
8. «Flora» ТК – Наурызбай ауданы, «Тастыбұлақ» ы/а, Таутаған көшесі, 6, 8, 10, СЖТ, жоба эскизі – жоқ;
9. «Lantana» ТК – Наурызбай ауданы, Үлкен Алматы ауылдық округі, СЖТ, жоба эскизі – жоқ.

Еске салайық, салынып жатқан тұрғын үй кешендерінің құжаттарының бар-жоғын Қала құрылысын бақылау басқармасының сенім телефоны – 8 (727) 229-81-36 арқылы білуге болады.

Жеңілдік қанша уақытқа созылатыны әзірге белгісіз. Компания бұл туралы ештеңе айтқан жоқ. Тұрақ жабдықтарын алып тастағанын ескерсек, «Медеудегі» автотұрақ бір айдан аса тегін болуы мүмкін.

Естеріңізге сала кетейік, «Медеу» маңындағы тұрақ 2021 жылы көктемде ақылы болған. Бағасы – сағатына 100 теңге. AParking осы арқылы демалыс орны аумағын тәртіпке келтіруді көздеген.

Бұрын AParking компаниясына тиесілі болған барлық ақылы тұрақ қала меншігіне өтті.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



№74 маршрут бұрынғыша жүреді

Алматы қалалық мобильділік басқармасының хабарлауынша, «Төменгі бесжылдық» ықшамауданы инженерлік желілерді жөндеудің аяқталуына байланысты 2022 жылдың 23 қарашасынан бастап №74 маршрут бойынша Радус-Зенькович көшесі арқылы екі бағытта да автобустардың қозғалысы қалпына келтіріледі. Хакасская көшесінен уақытша өту тоқтатылады.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ҚАРА ТІЗІМ

АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ!

Алматыдағы мына тұрғын үй кешендерінен пәтер сатып алуға болмайды



Алматы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағанындай, салынып жатқан тұрғын үй кешендерінің құжаттарының бар-жоғын Қала құрылысын бақылау басқармасының сенім телефоны арқылы білуге болады.



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



Мұрат ЖҰРЫНОВ,
ҚР ҰҒА Президенті,
академик:

НЕГІЗГІ МАҚСАТ – ӘДІЛ, ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ҚҰРУ

Бұл сайлау – таза, әділ өткен сайлау. 81 пайыз шынайы дауыс есебі бойынша біз бір ғана шешімге келуіміз керек. Бұл бүкіл бұқара халық қолдаған Президент болды. Негізгі мақсат – әділ, жаңа Қазақстан құру. Бұл дегеніміз, елімізде жемқорлыққа жол бермеуі керек, жұмыссыздық болмауы керек, Қазақстанның бар байлығы халық игілігіне жұмсалуды тиіс.



Бақыржан ЖАҚЫП,
Қазақстан Жазушылар одағы
төрағасының орынбасары:

ЕЛІМІЗ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ АЛҒА ДАМИДЫ

Халқымыз өз таңдауын жасады. Мен бұл таңдауды өте дұрыс деп есептеймін, өйткені қазір елімізге тұрақтылық керек. Бізге тұрақты түрде алға қарай дамуымыз керек. Еліміз өндіріс саласында болсын, экономика саласында болсын, барлық салада алға қарай дамуы міндетті. Ол үшін халқымыздың ауызбіршілігі керек. Ішкі саясатты да, сыртқы саясатты да тепе-тең ұстап отырған саясаткердің мемлекет басына келуі баршамызды қуантады.



Алмат ҚОДАСБАЕВ,
Алматы қалалық мәслихатының
депутаты:

ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗҚАРАСЫ ЖАҚСЫ

Сайлауға дайындық барысында қалалық мәслихат депутаттары ауқымды жұмыс атқарды. Халықтың көзқарасы жақсы.

Күнделікті қойылатын әлеуметтік мәселеден басқа, сот жүйесі, игерілмей қалған жерлерді халыққа бөліп беру, Президент сайлауының жеті жылға ұзаруы, болашақ жастар үшін Ұлттық қордан бөлінетін ақша жайында сұрақтар қойылды. Жауабын алды. Сайлауды бағдарламасымен толық таныстырған Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа, Қазақстанға деген жоспары 7 жылда толық іске асады деп ойлаймын.



Борис ЖАПАРОВ,
Алматы қаласы қоғамдық
кеңесінің мүшесі:

БАСТЫ МАҚСАТ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛҒА КӨШУ

Қазақстанда Президент сайлауы әділ өтті. Таза жеңіспен Қасым-Жомарт Тоқаев 7 жылға еліміздің Президенті болып сайланды. Түбегейлі реформа жасау: саяси, құқықтық, сот жүйесі, экономикалық мәселелер, сыбайлас жемқорлықты жеңудегі мақсат – бәрі бір күнде жасалатын мәселе емес. Соңғы отыз жылда қордаланып қалған мәселелерді жедел, бірінен соң бірін шешіп, елімізді дамыту, жасампаздық жолына көшіру – басты мақсат. Сондықтан оңай болады деп ойламаймыз. Бірақ ел, халық, ұлт болып бірігіп, Президентті қолдап, сол мақсатқа жетуге ұмтылады деп сенемін.



Рұстам ҚАЙРИЕВ,
Қазақстан халқы
Ассамблеясының мүшесі:

ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ТАҢДАУЫ

Еліміздің алдағы 7 жылдағы даму бағытын халықтың өзі айқындады. Президентті сайлау – ел болашағының таңдауы, Қазақстан

халқының шешімі – өте қисынды әрі ойластырылған қадам. Бүгінде біздің ортақ болашағымызды құру, Қазақстанның әл-ауқаты туралы сөз боп жатқанын бәрі бірдей түсіне бермейді. Әлемде болып жатқан барлық саяси және экономикалық сілкіністерді ескере отырып, сондай жағдайда өзіміз де қалмау үшін еліміздің ішкі жағдайларын реттеу керек. Таңдау жасалды, алда бізді жарқын болашақ күтіп тұр деп ойлаймын. Еліміздің алдағы 7 жылдағы даму бағытын халық өзі айқындап берді. Енді біздің алдымызда Әділетті Қазақстанды құру міндеті тұр. Бүгін біз бәріміз бірге болып, біртұтас халық болып күш салуымыз керек, Мемлекет басшысына сол Әділетті қоғамды, экономиканы және әрине, Әділетті мемлекетті құруға көмектесуіміз керек.

САЙЛАУДАН KEЙІНГІ ОЙ

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, тарих ғылымының докторы, профессор,
Қазақстан Журналистика академиясының президенті:

ХАЛЫҚ ПРЕЗИДЕНТТІ ҚОЛДАЙДЫ

Бұл сайлаудың нәтижесі көпшілік күткендей болды. Қалған үміткерлер – еңбек адамдары, бірақ оларды осы күнге дейін халық біле бермейтін. Әрбір сайлау – бұл көп нәрсені үйренуге көмектесетін белгілі бір сабақ.

Сайлауда заңбұзушылықтар болған жоқ, мұны әртүрлі ұйымдар мен бақылаушылар да растады. Сондай-ақ, халықаралық бақылаушылардың мұндай маңызды шараға қатысқаны қуантады, мен бұған өзім куә болдым. Дегенмен, республика бойынша кішігірім жеке қателіктер болғанын да айта кеткен жөн.

Өкінішке қарай, бұл күні алматылықтарда мерекелік көңіл күй



байқалмады. Алматылықтардың көпшілігі сайлау процесіне қатысқан жоқ, біздің қала тұрғындары ел бойынша белсенділігі төмен сайлаушылар тізімінде болды. Сон-

дай-ақ, сайлау кезінде оппозиция өкілдерінен үміткер болмағаны өте өкінішті. Оппозиция болуы барлық елдерге тән.

Енді Президент өз бағдарламасын ұстануы керек, халық оны қолдайды. Біз барлық салаларда оң нәтижеге қол жеткіземіз деп сенеміз және Қасым-Жомарт Кемелұлын құттықтай отырып, түбегейлі өзгерістерге үміттенеміз. Қазір ауылдың әл-ауқаты алаңдатады. Сондай-ақ, ел экономикасындағы мәселелерді айналып өтуге болмайды. Мемлекет басшысы халықтың әл-ауқатына қатысты сұрақтарда неғұрлым нақты шаралар қолдануы қажет. Президентті сайлаудан кейінгі алғашқы өзгеріс – парламенттік сайлау. Менің ойымша, жаңа жылдан кейін бұл мәселе шешіледі. Парламентті өзгерту, партиялармен, қоғамдық ұйымдармен және оппозициялық қозғалыспен жұмысты қайта қарау қажет.

Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ,
«Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының вице-президенті:



Қасым-Жомарт Тоқаевтың алдағы жеті жылға арналған жұмысы өте көп. Оның барлық жоспарлары орындалады деп үміттенеміз.

ШЕШУШІ КЕЗЕҢ

Сайлаудан кейін қандай реформалар күтеміз? Бүгінгі таңда күш құрылымдарын ғана емес, сот жүйесін де реформалау қажет. Ең алдымен, қоғамды ішінен құртатын сыбайлас жемқорлықпен күресу керек. Халық Мемлекет басшысына сенім білдірді, сондықтан біз одан ел тыныштығын бұзуды мақсат тұтатындарға қатысты нақты әрекеттер мен қатаң шаралар қолданады деп күтеміз.

Халық ең алдымен экономика саласындағы реформаларды күтеді. Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру қажет. Азаматтардың Қасым-Жомарт Тоқаевқа сенуі қажет. Бұл сайлау Жаңа Қазақстанның құрылысындағы шешуші кезең болады деп үміттенеміз. Сондай-ақ, білім, ғылым жүйесі түбегейлі реформалауды қажет етеді. Білім саласында не болып жатқанын қарайық. Шет мемлекеттер кеңестік білім беру жүйесіне көшіп жатса,

біз үнемі түсініксіз жаңалықтар енгізіп келеміз. Ауыл шаруашылығы саласында да былтық көп, мұның бәрі ақшаны тиімсіз шашуға әкеледі. Осыдан ауыл шаруашылығы саласында да реформалар қажет екенін түсінеміз.

БАҚ туралы заңға да байыпты түзету қажет. Бұрын барлық бұқаралық ақпарат құралдары партия органдарына бағынатын, қазір технология дәуірінде көптеген жеке БАҚ өкілдері пайда болды, баспасөздің беделі төмендеп, таралымдары да азаюда, ал журналистиканың үздік мамандары РР индустриясына кетіп жатыр. Бұл жұмыстар бір күндік емес, ұзақ уақытты талап ететіні түсінікті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың алдағы жеті жылға арналған жұмысы өте көп. Оның барлық жоспарлары орындалады деп үміттенеміз.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

БАЙҚАУШЫЛАР СӨЗ АЛАДЫ

БІРДЕ-БІР ШАҒЫМ ТҮСКЕН ЖОҚ

ТМД миссиясының 170-тен астам байқаушысы Қазақстандағы 1000-нан астам сайлау учаскелерінде болды. Бұл туралы Алматыда ресейлік байқаушылар айтты.



Айжан БҮРКІТБАЕВА

Парламенттік Ассамблеяның Жастар саясаты, спорт және туризм жөніндегі комиссиясының төрағасы, Ресей Федералдық Жиналысы Мемлекеттік Думасының Еуразиялық интеграция және отандастармен қарым-қатынас, ТМД істері жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары Артем Туоров Қазақстан Республикасының Президент сайлауы ашық, демократиялық түрде өткені көңілінен шыққанын айтты.

Халықаралық байқаушылар Алматыдағы 17 сайлау учаскесінде болды, олар сондай-ақ учаскелік комиссиялардың жүйелі жұмысын, ашықтықты, хабардарлықты атап



өтті. Олардың пікірінше, дауыс берушілер мен жергілікті бақылаушылардың саны көп болған.

«Сайланған Президентті сайлаудың сәтті аяқталуымен құттықтаймын! Сайлау ашық, заңды, ұлттық заңнама негізінде өткенін айта кеткен жөн. Алматы қаласы аумағында жұмыс істеу мүмкіндігі үшін рахмет, біз барлық деңгейдегі комиссиялардан барынша қолдау алдық. Біз барған учаскелердің ешқайсысынан бірде-бір шағым түскен жоқ», – деді А.Туоров.

Еуразиялық ынтымақтастық



және интеграция қорының бас директоры Николай Журавлев заңдық құрамдас бөлікке ғана емес, сайлау учаскелерінде қалыптасқан атмосфераға да назар аударды.

«Ешқандай шиеленіс болған жоқ, адамдар жайбарақат, жақсы көңіл күймен келді, сондықтан келген адамдарға қысым болған жоқ деген қорытындыға келдік. Ал сайлау жеңімпазының бұл сенімді нәтижесі тұрақтылықты таңдаған қоғамда қандай да бір жікке бөліну туралы айтудың қажеті жоқ екенін айғақтайды», – деді Н.Журавлев.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

ҚАЗАҚСТАН ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

Бұл саяси науқан елдің дамуына, алға жылжуына мүмкіндік беретіні сөзсіз. Біз оған сенеміз



Биылғы 20 қарашада елімізде кезектен тыс Президент сайлауы өткені мәлім. Барлық өңірде 10 033 учаске жұмыс істеді. Ал шет мемлекеттердегі Қазақстан өкілдіктері жанынан 68 учаске құрылған.

Еліміздегі бүкіл сайлаушының 69 пайызы немесе 8 млн 282 мыңнан астам адам өз таңдауын жасады. Сөйтіп, сайлаудың түпкілікті қорытындысы жарияланды.

ТҮПКІЛІКТІ ҚОРЫТЫНДЫ

ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтің дерегінше, Қасым-Жомарт Тоқаевқа 6 млн 456 мың 392 сайлаушы немесе олардың 81,31%-ы дауыс берген. «Бәріне қарсымын» бағанын 460 484 немесе 5,8% сайлаушы таңдаған.

Сонымен бірге, Жигули Дайрабаевқа 271 641 немесе 3,42 пайыз, Қарақат Әбденге 206 мың немесе 2,6 пайыз, Мейрам Қажықенге 200 907 немесе 2,53 пайыз, Нұрлан Әуесбаевқа 176 116 немесе 2,22 пайыз және Салтанат Тұрсынбековаға 168 731 немесе 2,12 пайыз дауыс берілген.

Нақтыланған сайлаушылар тізімдеріне сай, жалпы сайлаушылар саны 11 млн 953 мың 465 адамды құрады. Оның 8 млн 300 мың 46 адамы немесе 69,44 пайызы дауыс беруге арналған бюллетеньдерді алды.

Дауыс беру күні ҚР Президенттігіне кандидаттардың 11 мыңнан аса сенім білдірген адамдары, шетелдік халықаралық ұйымдардың 641 байқаушысы, саяси партиялардың 15,5 мыңнан аса байқаушысы, қоғамдық бірлестіктерден 30 мыңнан аса байқаушы сайлауды бақылады. Сайлау учаскелерінде қазақстандық 1225 БАҚ өкілдері, 23 елдің 41 шетелдік БАҚ-тың аккредиттелген журналистері ақпарат таратты.

«ҚР-дағы Сайлау туралы» заңның 9-бабы 1-тармағына, 65-бабына сәйкес, дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 50

пайыздан астамының дауысын алған кандидат Республика Президенті болып саналады. Осылайша 2022 жылғы 20 қарашадағы кезектен тыс сайлауда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ҚР Президенті болып сайланды.

ТӨРТКҮЛІ ДҮНИЕ КӨЗ ТІКТІ

Иә, 20 қарашада өзіміз ғана емес, төрткүл дүние көз тікті десек болады. Себебі, Қазақстан – әлемде өз орны, шыққан төрі бар беделді мемлекеттердің бірі. Сондықтан оның саяси ахуалы кімкімге де қызық.

Отандық сарапшылар елдің болашағы жолындағы маңызды саяси науқанды қазақстандықтар

белсенділік танытты деп баға берді.

Ел тарихындағы айтулы саяси оқиғаға қатысқан әрбір азаматтың дауысы маңызды болды. Биыл үлкен де, кіші де бұрынғыдан да аса жауапкершілікпен қараған секілді көрінді бізге. Әсіресе, жастардың белсенділігі жоғары болды. Оны саяси науқан барысында әлеуметтік желіде сайлауға қатысқандарын мақтанышпен жариялаған жазбаларының көптігінен байқадық. Демек, бұл біздің жастардың сергектігін, болашаққа деген үлкен сенімін білдірсе керек. Өзіміз іштен бірікпесек, ауызбіршілікте болмасақ, сырттың ықпалында кететінімізді түсінгендей.

Кешегі өткен Референдумда да белсенді болғанбыз. Дәлірек айтсақ, қазақстандықтардың 77%-дан астамы конституциялық реформаны мақұлдады. Себебі, бізге «Әділетті Қазақстанды» ешкім сырттан келіп жасап бермейтінін түйсіндік. Енді бүгінгі сайлау да қоғам мен биліктің даму перспективалары біртұтас екенін көрсетті. Бұл саяси науқан елдің дамуына, алға жылжуына мүмкіндік беретіні сөзсіз. Біз оған сенеміз.

● ТҮЙІН:

Қазіргідей әлемдік геосаяси ахуал аса күрделі кезеңде елді бейбіт басқару үлкен көрегендікті, білгірлікті талап етеді. Ал бұл миссияны біз Қасым-Жомарт Тоқаевқа сеніп тапсырдық. Енді сайланған Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 26 қарашада ел алдында ант береді. Заңнамада белгіленген тәртіппен сайланған Мемлекет басшысына тиісті куәлік те сол күні тапсырылатын болады. Сайлауды абыроймен өткіздік. Енді алда Қазақстанның жаңа парақтары ашылады. Сөйтіп, 30 жылдық тәуелсіздігіміздің бастапқы кезеңін қорытындылап, жаңа кезеңге аяқ басқалы отырмыз. Әлі алда парламенттік және мәслихаттық сайлау бар. Еліміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығы жолында бұл да үлкен белес болмақ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Әсет
ИМАНҒАЛИЕВ,
актер:

ҰРПАҚ ҮШІН, ЕЛ ҮШІН

Өз Президентімізді сайлап алдық қой. Жаңа Қазақстан, әділ Қазақстан дейміз, еліміздің ертеңі – ұрпағымыз үшін өзгертетін өзгеріс көп. Ел ретінде қолымыздан келгенше көмектесуіміз, қолдауымыз қажет деп ойлаймын. Мал, ауыл шаруашылығымен ықылым заманнан айналысып келген халықпыз ғой, ауыл шаруашылығын көтерсе, елге, жерге көңіл бөлсе деген ниетіміз бар. Сол жағынан өзгерістер болатын шығар деп үміттенеміз.



Арайлым ШАМОВА,
Алматы қалалық
мәслихатының депутаты:

СЕНІМ ЖӘНЕ НӘТИЖЕ

20 қарашада елімізде тарихи сәт болды. Қазақ елі өзінің Президентін сайлады. Қасым-Жомарт Кемелұлы 81,31%-бен халықтың сенімін алды. Алдағы уақытта жақсы нәтижелерге қол жеткіземіз деп ойлаймын, себебі Қасым-Жомарт Кемелұлының сайлауалды бағдарламасы барлық саланы қамтиды. Ендігі біздің алдымызда сол бағдарламаның іске асуына көмектесу деген міндет тұр.



Жомарт СИМТИКОВ,
саясаттанушы:

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮРДІС

Біріншіден, Қазақстан халқының басын біріктірді. Екіншіден, ел Президенті 7 жылдық болашақ стратегиялық бағдарламаны дайындауға үлкен ықпал етеді деп айтуға болады. Үшіншіден, бұл демократиялық үрдістің ғаламдану процестерінің көшінен қалмайтындығын көрсетті. Төртіншіден, Қазақстанда болып жатқан өзгерістерге халықтың басым көпшілігі қолдау білдіретіндігін көрсетті. Сондықтан сайлау нәтижелі болады деп ойлаймын. Еліміздегі болашақ стратегиялық бағдарламалар сайлаудың негізінде іске асады. Бұл мандат сенімділік береді және Қазақстанның дамуына мүмкіндік туғызады деп ойлаймын.



Нұрия НИЯЗОВА,
«Аманат» партиясы Алматы
қалалық филиалы саяси кеңесінің
мүшесі:

БҰЛ САЙЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЕРЕКШЕ

Халық мықты көшбасшымен бірге болуға және алдағы жеті жылда оның саясатын қолдауға дайын екендіктерін айтып, үлкен сенім білдіріп жатыр. Біз Қазақстанның дамуындағы тарихи кезеңнің алдында жаңа дәуірге аяқ басқалы тұрмыз. Қасым-Жомарт Кемелұлы 16 қарашада Алматыға келген сапарында әйелдердің саясаттағы және қоғамдағы рөлін ерекше атап өткенін айтпай кетуге болмас. Президент қаңтар оқиғасын еске салды, өйткені бұл біздің тарихымыз, тарихсыз болашақ жоқ. Ал біз Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге ол таңдаған дұрыс жолмен жүретін боламыз.



Айгүл Байтекеева,
№1 Алматы қазақ мемлекеттік
гуманитарлық-педагогтік колледж
директорының орынбасары:

ҮЛКЕН СЕРПІЛІС ӘКЕЛДІ

Еліміздің саяси тарихының жаңа парағы ашылды. Күні кеше өткен сайлау еліміздегі саяси жаңғыру бағдарламасының іске асырылу барысын үлкен оптимизммен бағалауға мүмкіндік беретінін айқын байқатқандай. Мен де өз таңдауымды жасап, еліміздің көшбасшысын әділ таңдадым. Оған өз басым нық сенімдімін. Осынау еліміздегі тарихи оқиға менің ұжымыма да үлкен серпіліс әкелгендей. Байқауымша, еңбекке деген құлшынысымыз артып, ертеңге деген үлкен сенім пайда болғандай. Өйткені, алдағы жеті жылда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге Әділетті Қазақстанның өркендеуіне өз үлесімізді қосатын боламыз.





ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ: ТҰРҒЫҢДАР ТАЛАБЫ ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР

АЛАТАУ АУДАНЫ

Көптен күткен жаңалық



23 шағынауданы бар Алатау ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында футбол, баскетбол, волейбол алаңдары және воркаут орны ашылады.

– Міне, мұны халықпен тиімді кері байланыс орнатудың үлгісі деуге болады. Өмір болған соң, түрлі жағдайлардың орын алуы заңдылық қой. Кейде шұғыл шешім қабылдауға міндеттейтін өтініштер болады. Менің ойымша, халықтың мұң-мұқтажы, олардың талап-тілегі уақыт оздырмай орындалуы тиіс. Егер Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет»

тұжырымдамасы осылай жүзеге асатын болса, Алматының алмайтын асуы, шықпайтын белесі болмайды. Ауданымызда балаларымыз үшін ашылатын спорт алаңдары үшін қуанып жатырмыз, – дейді Алатау ауданының тұрғыны Алмагүл Нұрахметқызы.

Алатау аудандық көріктендіру бөлімінің бас маманы Арман Қоқымбаевтың айтуынша, аталмыш бағдарлама аясында ауданда 176 жоба тіркелген. Тұрғындардың дауыс беруіне сәйкес биыл 1 млрд 800 млн сомасына 36 жобаны іске асыру жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда 30 жоба бойынша жұмыс аяқталып, 6 жобаны қараша айының соңына дейін аяқтауды жоспарлап отыр. Ауданда жөндеу жұмыстары аясында 7 мекен бойынша жасыл аумақтар мен жаяу жүргіншілер алаңы абаттандырылған.

Ал 2023 жылы аудан әкімдігі тарапынан 8 жасыл аумақ пен жаяу жүргіншілер алаңына жөндеу жұмысы жүргізіліп, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының аясында 1 млрд 300 млн сомасында 28 жобаны іске асыру жоспарланған. Аталған 28 мекен бойынша жаңадан қоғамдық орындар пайда болады.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Ағаш отырғызу – тұрғындар міндеті



Аудан тұрғындарының өтінішімен Әуезов ауданы аумағын көгалдандыру мақсатында ағаш отырғызу және көшет тарату жұмыстары жалғасуда.

– Ауданда шіріген ағаштар сүріліп, орнына жаңа көшеттерді отырғызып жатырмыз. Тұрғын үйдің алдына, ойын алаңдарына қалаған ағаштарымызды отырғызу мүмкіндігі туды. Ауданымызды көгалдандыру кез келген тұрғынның міндеті деп білемін, – дейді аудан тұрғыны Бейсалды Амангелдиев.

Ағымдағы айда Экология және қоршаған ортаны қорғау бөлімінің мамандары 35 орынға барып, 926 ағаш көшеттерін таратты. Қазіргі таңда тұрғындары өз қалауымен аулаларға көшеттерді отырғызып жатыр.

Көппәтерлі үйлердің және басқа да жалпы аумақтардың аулаларын көгалдандырығысы келетіндердің барлығы ағаш түрлерін тегін алды.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

Желі жөнделді



Наурызбай ауданы тұрғындарының жол жөндеу бойынша өтініштері орындалды. Редакциямызға хабарласқан «Шұғыла» ықшамауданының тұрғындары инженерлік желілердің жоқтығына шағымдана болатын. Араға 1 ай салып аудан әкімдігі ықшамаудандағы Лашын және Берел көшелерінде инженерлік желілерді төсеп, жөндеу жұмыстарын жүргізді.

– Ауданда инженерлік желілер толық төселді. Енді жол жөнделсе, жүріп-тұруымыз жеңілдейді деп ойлаймыз. Оның үстіне, ауа райының қолайсыз болып, жолдар батпаққа айналып жатыр. Сол себептен, жұмысқа қатынасу қиындықтар туғызуда, – дейді аудан тұрғыны Серікжан Жангелді.

Әкімдік қызметкерлерінің айтуынша, қазіргі таңда құрылыс жұмыстары аяқталып, көшелерге асфальт кесінділерін салу жұмыстары жүргізілуде.

Асфальт төсеу жұмыстары ағымдағы айдың соңына дейін аяқталады.

Сондай-ақ, Наурызбай ауданында Сәбденов көшесі мен Алатау даңғылының қиылысында асфальт төсемін қалпына келтіру жұмыстары басталды. «Жұмыс 1 ай көлемінде толық аяқталады», – дейді әкімдік қызметкерлері.



АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Тоңбайтын болдық

Алмалы ауданы тұрғындарының өтініші қанағаттандырылды. Қазіргі таңда аудандағы Шәріпов көшесінде Гоголь көшесінен төмен жылу желілерінің зақымдалған учаскесінде авариялық-қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр.

– Күн суығалы үйіміз суып кетті. Өзіміз де, балаларымыз да жиі ауыра бастадық. Әдетте, жылу 15 қазан күні берілуі тиіс еді. Алайда, үйге ешқандай жылу берілген жоқ. Біраз жерге шағымдандық. Көңіл көншітерлік жауап болды деп айта алмаймын. Қазір «тоңбайтын болдық» деп қуанып жатырмыз, – дейді аудан тұрғыны Дана Жақсылық.



Сала мамандардың айтуынша, тұрғындар шағымы ескеріліп, қажетті жұмыстар қолға алынған. Жақын арада Сейфуллин–Чокін–Мақатаев–Өйтеке би көшелерінің шаршысындағы барлық уақытша ажыратылған 96 объектіде жылу энергиясын беру қайта басталады.

АҒАШ КЕСУ



Оқырмандарымыз «Ақшам» арқылы айтамыз» айдары арқылы аудандардағы апатты жағдайдағы құлайын деп тұрған ағаштарға қатысты жиі шағым айтып келеді. Солардың бірі – Алмалы ауданы тұрғындарының өтініші.

Шағым ескерілді

– Ауданда қауіпті жағдайда тұрған шіріген ағаштар саны өте көп. Мен сіздерге тұрғын үй алдындағы шіріген үлкен ағаштың суретін жібергенмін. Ағаш тура үйдің шығар есігінің алдында орналасқан. Тұрғындарға, әсіресе, балаларға зиян келтіруі әбден мүмкін еді. Ойын алаңының жанында да шіріген бірнеше ағаштар болған. Қазіргі таңда әкімдік тарапынан апаттық жағдай жөнделіп жатыр, – дейді аудан тұрғыны Жанна Рахымжанова.

Алмалы ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшелерімен бірге күзгі отырғызу циклін жалғастыра отырып, жөнделген ААСЖЗ алаңында жасыл қорды қалпына келтіру процесі басталды.

– Биылғы жылы осы алаңда жөндеу жұмыстары кезінде белгілі бір қауіп төндіретін көптеген апаттық және ескі ағаштар сүрілді. Алаңның бос аумақтарында бүгінде әртүрлі тұқымдардың 152 көшеті отырғызылды, олардың ішінде 122 үйеңкі мен күл, 20 қарағай және 10 тал бар. Биылғы жылы скверде жабдықталған автоматты түрде суару жүйесі көшеттерді және сквердің барлық жасыл қорын үнемі суаруды қамтамасыз етеді, олардың арасында отырғызылған көпжылдықтар, бұталар мен дәстүрлі көгалдарды алмастыратын беде де бар, – дейді әкімдік қызметкері.

ЖӨН ЕКЕН!

Сумен қамтамасыз етілді



«Нұрлы дала» тұрғын үй кешені тұрғындары үшін жақсы жаңалық. Қазіргі таңда тұрғын үй кешенін сумен қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстарының шеңберінде апатты жою бойынша жұмыстар жүргізілуде.

– Біраз уақыттан бері тұрғындар суыз күн көріп келдік. Нақтырақ айтқанда, суды тасып іштік. Қазір күн суыған уақытта су тасып ішу тіпті қиындап кетті. Жуынуға суды ысытып жүрдік.

Мұндай келеңсіз жағдайлар біршама қиындықтар туындапты, – дейді аудан тұрғыны Байгелді Садырбек.

Биыл барлығы 378 метр су құбырын жасау жобаланған. Бүгінгі таңда 300 метр құбыр салынды. Тұрғын үй ауласындағы сумен жабдықтау желілерінің құрылыс-монтаждау жұмыстары толық аяқталды.

Сондай-ақ, аудандағы Жақыбаев көшесінің басынан бастап «Базис-А» аумағындағы камераға дейін су желілері тексеріліп, қызмет тұрғындарға ұсынылды.



БРИФИНГ

Азан шақырып қойған атыңды өзгертуге бола ма?



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Азан шақырылып қойылған атын, тегін, тіпті әкесінің атын ұнатпай жататын қала тұрғындары кездеседі. Олардың себептері әртүрлі. Мұндай жағдайда әділет органдары оларға аты-жөндерін ауыстыру қызметін ұсына алады. Жақында бұл қызметте өзгерістер болды. Ол туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қалалық Әділет департаментінің өкілдері айтты.

Алматы қаласы Әділет департаменті басшысының орынбасары Берікбол Сәменов «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің баптарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуіне байланысты, атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруға байланысты өзгертуге жататын мәліметтер туу туралы, некені (ерлі-зайыптылықты) қию немесе бұзу туралы тиісті акт жазбаларына атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы қорытындының негізінде енгізілетінін хабарлады.

Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру мақсатында азаматтарға ыңғайлы болу үшін азаматтық хал актілерін тіркеудің



Суретті түсірген Саянат ҚҰСАЙЫНОВ.

барлық түрін тіркеу, қайталама куәліктер мен анықтамалар алу бойынша эксамақтық қағидат енгізілді. Осыған орай, азаматтардың өзіне ыңғайлы ХҚКО немесе «электронды үкімет» www.egov.kz арқылы мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, өтініш білдіруіне болады.

Тіркеу қызметі саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету және бақылау басшысының міндетін атқарушы Ләззат Сыдықова атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтінішті қарауды тіркеуші орган, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесі Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасына сәйкес жүргізлетінін айтты.

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды он алты жасқа толған және атын және (не-

месе) әкесінің атын, тегін ауыстыруға тілек білдірген адамның жеке өтініші бойынша тіркеуші органдар жүргізеді.

Сондай-ақ, ол атын, әкесінің атын, тегін ауыстырудың дәлелді себептерін атады. Мәселен, атының, әкесінің атының, тегінің оғаш естілуі; егер некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу кезінде некеге дейінгі тектерінде қалса немесе некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркегеннен кейін жұбайы (зайыбы) тегін басқасына ауыстырса, жұбайымен (зайыбымен) ортақ текте болғысы келген жұбайының (зайыбының) тілегі; егер неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған кезде бұл туралы мәлімделмесе, некеге дейінгі тегін алғысы келуі; бұрынғы некенен (ерлі-зайыптылықтан) туған балаларымен ортақ

текте болғысы келуіне байланысты; жұбайы қайтыс болған жағдайда некеге дейінгі тегін алғысы келуі; өтініш беруші таңдаған ата-аналарының бірінің ұлтына (ата-аналарының ұлты әртүрлі болған кезде) сәйкес келетін атты және (немесе) текті алғысы келуі; құжаттардағы атынан өзгеше, өмірде нақты қалыптасқан атын алғысы келуі және т.б.

Журналистердің сауалына жауап берген Наурызбай аудандық АХАТ бөлімінің басшысы Дилияра Қилыбаева аты-жөнін өзгертуден бас тартуға құжаттар пакетінің толық болмауы негіз болуы мүмкін екенін айтты. Ал туу туралы куәлікте қателер болған жағдайда оларды түзетуге болады, бірақ бұл қазірдің өзінде толық аты-жөнін өзгертуге қатысы жоқ басқа қызмет болып саналады.

«Тегін, атын, әкесінің атын өзгерткеннен кейін өтініш беруші ең алдымен жеке куәлігін, төлқұжатын ауыстырып, содан кейін жүргізуші куәлігін ауыстыру үшін мекемелерге, банктерге жүгінуі қажет. Қажет болған жағдайда неке куәлігін және барлық баласының туу туралы куәлігін өзгерту керек. Дипломдарды ауыстырудың қажеті жоқ», — деді Д.Қилыбаева.

Жыл басынан бері 2670 алматылық тегін ауыстыруға өтініш білдірген, көбінесе тегін ұлттық дәстүр бойынша ауыстырып жатады.

Сирек кездесетін есімдерге қатысты журналистердің сауалдарына жауап берген спикерлер Заң азаматтардың қиялына шектеу қоймайтынын, сондықтан ата-аналар балаларына өз таңдауларына қарай ат қоятынын айтты. Биыл арабша қойылған есімдер ерекше танымал. Алматылықтар жаңа туған сәбилеріне Абай, Омар, Ислам, Марк, Мұхаммед, Әли, Алан, Әлтайыр, Хамза, Томирис, Еліғай, Зере, Тоғжан, Амелия, Рамина есімдерін жиі қоятын көрінеді. Ал үшемдер арасында Қасым, Жомарт, Кемел атты есімдер де кездесіп жатады.

КӨРМЕ

КІТАП КӨРЕМ ДЕСЕҢІЗ...

23–25 қараша аралығында «Атакент» кешеніндегі Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен «Атакент-Экспо» Халықаралық көрме компаниясы мен ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, Қазақстанның баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығымен бірлесіп, «Ұлы Жібек жолымен-2022» X Халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесі өтіп жатыр.



«Ұлы Жібек жолымен-2022» көрмесі — баспагерлер, кітап таратушылар және полиграфистер қызметінің, Алматы қаласының қонақтары мен тұрғындарының мәдени өміріндегі айшықты оқиға.

Көрменің басты мақсаты — заманауи кітаптарды кеңінен таратуға қолшын беру, отандық кітап ісі саласын нығайту, осы салада тәжірибемен алмасу, отандық кітап нарығында ұлттық өндірушілердің орнын нығайту.

Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің жетекші баспалары, полиграфиялық компаниялары мен кітапханалары, сондай-ақ, Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының Мәдени өкілдігі кітапханалық және баспа-полиграфиялық салаларының болашағы мен өзекті мәселелерін талқылауға, іскерлік және кәсіби байланыстарды кеңейтуге және тәжірибе алмасуға жиналды.

3 күнге жалғасатын көрмені тамашалаңыздар, құрметті оқырман!



Гүлжанат
СЕМБАЕВА



БАКАНСИЯ



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Алматытеплокоммун-энерго» ЖШС-ның
— оңтүстік аудандық қазандығына:

• қазандықтарды басқарудың орталық қалқанының машинисі (6-шы санатты);
• РОКиППЦ бойынша слесарь (4-ші санатты);
— оңтүстік-шығыс аудандық қазандығына:

• қазандық бастығының орынбасары;
• қазандықтарды басқарудың орталық қалқанының машинисі (6-шы сантты);
— «Ақкент» қазандығына:

• қазандықтарды басқарудың орталық қалқанының машинисі (6-шы санатты);
• электрғазбен дәнекерлеуші (5-ші санатты);
«Әуемей» қазандығына:

• қазандықтарды басқарудың орталық қалқанының машинисі (5-ші санатты);
• РОКиППЦ бойынша слесарь (4-ші санатты);

• сорғы қондырғыларының машинисі (4-ші санатты);
— «Премьера» қазандығына:

• ауысым бастығы;
• КО бойынша машинист-қараушы (4-ші санатты);
• мазут шаруашылығының слесарь-жөндеушісі (3-ші санатты);
• РОКиППЦ бойынша слесарь (4-ші санатты);

• солтүстік-шығыс қазандығына:
• ЦЩУК машинисі (5-санатты);

• сорғы қондырғыларының машинисі (4-ші санатты);
• токарь (5-ші санатты);
• РОКиППЦ бойынша слесарь (4-ші санатты);

• слесарь-жөндеуші (теміржол бойынша, 3-ші санатты);

• аумақты тазалаушы;
— «Көкжиек» қазандығына:

• қазандықтарды басқарудың орталық қалқанының машинисі, уақытша (4-ші санатты);
• электрғазбен дәнекерлеуші (5-санатты);
• токарь (5-ші санатты);
— «Жас қанат» қазандығына:

• ауысым бастығы;
• КО бойынша машинист-қараушы (4-ші санатты);
— № 1 учаскесіне:

• есепке алу жөніндегі техник (1-ші санатты);
• слесарь-жөндеуші, уақытша (4-ші санатты);
№2 учаскесіне:

• шебер;
• слесарь-жөндеуші (4-ші санатты) керек.

Тел.: 8 (727) 292-48-68.

«БИЖАН» ет өңдеу зауыты» ЖШС-ға:

• жартылай фабрикаттар цехына тәжірибелі туюшылар;
• өлшеп-ораушы оператор;
• есептеп-таразылаушы;
• өндіріске арналған тазалықшы;

• слесарь-жөндеуші (теміржолға);
• аумақты тазалаушы керек.

Тел.: 8 771 709 68 68.

«Өңірлік диагностикалық орталыққа»:

• кеңсе менеджері;
• тіркеуші-кассир;
• медбикелер;
• санитарлар;
• тазалықшылар керек.
Тел.: 8 777 016 74 51.

Балалар
жылы
2022

КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП»

өте маңызды жоба, сондықтан бұл жұмысты әлі де жалғастыра түсу керек екенін уақыт дәлелдеп отыр

Биылғы Балалар жылы аясында елімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы қолға алынған еді. Бұл жобаның маңыздылығы сол, осы жоба аясында еліміздегі барлық мектеп кітапханаларына 2,5 миллионға жуық көркем әдебиет сатып алынды. Жоба барысында Алматы қаласының мектеп кітапханалары да жаңа әдебиеттермен толығып жатыр. Осылайша мектептердің кітапхана қоры көптеген мемлекеттік тілдегі әдебиеттермен толықтырылды. Сонымен қатар, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханалары мен ондағы орындардың да саны көбейді. Дәл қазір мектептерде балалардың кітап оқуы үшін барлық қолайлы жағдайларды жасап қойған. Мәселен, тек осы мақсатты жүзеге асыру үшін республика бойынша 121 коворкинг-орталығы ашылып, балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін 3,7 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылды.

Мемлекет басшысы «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтіп, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру бойынша кешенді жұмысты жалғастыруды басты назарына алған еді.

Қазір алға қойылған міндеттер орындалып жатыр. Қазірдің өзінде көрсеткіштер көңіл қуантады. Оң нәтиже бар. Жоба іске асырылғаннан бастап мектеп кітапханаларында көркем әдебиет саны айтарлықтай өсті, әсіресе, мемлекеттік тілдегі әдебиеттер қатары молайды. Мектеп кітапханаларында бұған дейін қазақ тіліндегі әдебиеттер саны аз болса, қазір кітап қорының басым бөлігін мемлекеттік тілдегі әдебиеттер толықтырып тұр. Сонымен қатар, тек қазақстандық авторлардың ғана емес,

әлемдік әдебиет туындылары да бар. Жалпы, «Оқуға құштар мектеп» – өте маңызды жоба, сондықтан бұл жұмысты әлі де жалғастыра түсу керек екенін уақыт дәлелдеп отыр.

Қазіргі уақытта ақпараттық құрылғылар белең алып бара жатқаны жасырын емес. Сондықтан министр Асхат Аймағамбетов «гаджеттер заманын кітап заманына айналдыру үшін мектептердің базасында «құлыпсыз» кітапханалар ашылуы керек. Бұл, әсіресе, үйінде сабақ оқуға жағдайы жоқ балалар үшін таптырмас көмек болар еді», – деді.

Шындығында, балалар кітап оқысын десеңіз, әр мектепте оларға қызықты, заманауи, дүние жүзі оқитын көркем әдебиет, әсіресе, қазақ тіліндегі кітаптар қол-



жетімді болуы керек емес пе? Біз көп жағдайда балалар кітап оқуы керек дегенмен, оларға жағдай жасай бермейміз. Балалардың көзі ашық, көкірегі ояу болуы үшін, ең алдымен, сапалы кітап ұсынып, тиісті жағдайлар жасауымыз керек.

Балалардың бәрінің кітапты үйіне сатып алатындай мүмкіндігі бола бермесі анық. Сол үшін Оқу-ағарту министрлігі

мектептегі кітапханаларды тиісті форматқа ауыстырып, тиімді жолды қарастыруда. Ол үшін біраз мемлекеттерде қолданылып жатқан тәжірибені пайдаланбақшы. Мәселен, жаңа тәсілге сай, ашық реакрацияларда, буккроссингі бар, кітаптарды ашық қоятын қосымша кітапханалар ашу қолға алына бастады. Бұл бастама «Оқуға құштар мектеп» жобасының бір бөлігі іспетті.

ӨЗЕКТІ



ЖАТАҚХАНА ДА САЛЫНАДЫ, ЖҰМЫС ТА ТАБЫЛАДЫ

Соңғы жылдары жоғары оқу орындарының студенттері үшін жатақхана өте өзекті мәселеге айналып отыр. Қазіргі кезде осы мәселені шешу үшін бүкіл министрлік бел шеше кірісіп жатыр.

Осы мәселені шешуді оңтайландыру үшін Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігі ЖОО мен колледждерге жаңа жатақханалар салу немесе ғимараттарды жатақханаға айналдыру үшін қайта жаңғырту кезінде құрылыс салушының шығындарын өтеуге бағытталған мемлекеттік тапсырысты орналас-тыруды қайта қарастырды.

Өткір мәселенің де өзекті тетігі табылғандай. Ендігі жерде ЖОО және колледж студенттері үшін жатақханалар салу кезінде бір орынға мемлекеттік тапсырыстың мөлшері 122 АЕК-тен 195 АЕК-ке дейін, Алматы қала-

сы үшін 144 АЕК-тен 230 АЕК-ке дейін көбейді. Сонымен қатар, мемлекеттік тапсырысты орындау мерзімі 8 жылдан 6 жылға дейін қысқаратын болды. Сәтін салса, еліміз бойынша 2025 жылға дейін 75 жаңа жатақхана салу жоспарланып отыр.

Жатақхана салу бір ғана орын мәселесін шешпейді.

Жатақхана салу құрылысы басталысымен уақытша жұмыс орындары, жұмысын бастағанда жаңадан тұрақты жұмыс орындары ашылатын болады. Мәселен, бір ғана жатақхана салу кезінде 100-ден 400-ге дейін жұмыс орны ашылатын көрінеді.

ЖЕҢІЛДІК

Жыл өткен сайын еліміздің экономикасы жақсарып келеді. Жағдайдың жақсаруының барлық салаға тигізетін өзіндік пайдасы бар. Мәселен, қазіргі кезде қоғамдағы ерекше қажеттіліктері бар балалардың ем алу шарттары кезең-кезеңмен жеңілдеп жатыр. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының тиісті шығындары үшін мемлекет тарапынан қаражат бөліне бастады.

Бұрын тек балалардың қажеттіліктері үшін қаражат бөлінсе, енді баланың ата-анасының жатын орны мен тамағы қамтылатын болды. Биылдың өзінде бұл шара аясында 14 мыңға жуық отбасы, алдағы үш жылда 62 мың отбасы қамтылатын болады.

ЖАҢА ЖҮЙЕ

МҰҒАЛІМГЕ ЖҰМЫС ТАБЫЛАДЫ

Білім жүйесі тағы бір жаңалығымен жұртты елең еткізіп отыр. Ағымдағы жылдың желтоқсан айында мұғалімдерді жұмысқа алудың орталықтандырылған платформасы өз жұмысын бастамақшы. Осы мәселенің анық-қанығын ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов былай деп тарқатты.

«Бұл өте маңызды, педагогтар ашық, әділ жолмен жұмысқа қабылдануы керек. Сол үшін біз заңнаманы өзгертіп, жаңа жүйені енгіздік. Әрі қарай да бақылап, тексеріп отырамыз. Мұғалімдер

тек қана конкурспен, біліктілігін дәлелдеп, диплом бойынша жұмысқа алынуы керек», – деді.

Сонымен, министрлік бұл проблеманы арнайы платформа арқылы шешетін болып отыр.


Ендігі жерде бүкіл мектептер жұмысқа алу үшін осы платформа арқылы өздерінің вакансияларын көрсетіп, барлық мәселелерді айқын, ашық жүргізетін болады.

Биылғы оқу жылында 3855-тен астам педагог жұмысқа қабылданған. Олардың 1423-і бос орынға конкурспен өткен. Мұндай олқылықтар Түркістан облысында, Алматы облысында, Жамбыл облысында, Шымкент қаласында орын алған.

Аталған заңсыздықтар бойынша 17 директор жұмыстан босатылған.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

ҚОЛДАУ БАР!





● КИБЕРҚЫЛМЫС

ЗАМАНАУИ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

дамыған сайын алаяқтық та өршіп барады



Қазір біраз маңызды істі ешқайда бармай-ақ үйде отырып бітіре салатын заман. Алайда, мұндай заманауи жаңашылдықтың зардабы да жоқ емес. Әлеуметтік желі арқылы компьютер мен жаңа технологияларды озық меңгергендер киберұрлық жасап, алаяқтыққа бармаса, бүтінде таптырмас маман екенін де айта кеткен жөн.

XXI ғасырда аса қажет хакер-мамандар өз ішінде бірнеше түрге бөлінеді. Көпшіліктің түсінігінде олар қандай да бір электронды жүйеге заңсыз шабуыл жасайтын алаяқ ретінде қалыптасып қалған. Бірақ жеке кәсіпкерлікте немесе мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтіндер алаяқтықпен айналыспайды. Тек киберқауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Оларды ғылым тілінде «ақ хакерлер» деп атайды.

Білімі мен жаңа технологиядағы қабілетін жөнсіз пайдаланғандардың біріне алматылық Кербез де тап бола жаздаған. «Жазда еңбек демалысына шыққан кезім. Инстаграмдағы жеке парақшама бір сілтеме келді. Ол сілтемеге кірсем Telegram әлеуметтік желісіндегі арнайы үйде отырып табыс табатын чат екен. Арнайы сайттары да бар. Нұсқаулықтар өте сауатты жазылған. Осы іспен бұрыннан айналысып жүрген, әбден машықтанған алаяқтар екені байқалады. Ол чатқа минут сайын хабарлама түсіп отырады. «100 мың аударып, 2 миллионға дейін пайда таптым» деген сияқты пікірлер келіп жатты. Менен өзге мыңдаған жазылушы бар чаттан бірден шығып кеттім. Мұн-

дай қомақты көлемдегі батпан құйрық жерде жатпайды ғой», – дейді Кербез.

Соңғы кездері интернет, ұялы телефон, WhatsApp, телеграмм, OLX арқылы жасалатын алаяқтар көбейіп кетті. Елімізде киберқылмыс туралы қаншама айтылып, алдын алу шаралары жүргізіліп жатқанына қарамастан, алаяқтарға алданушылар саны күннен-күнге көбейіп барады.

«Менің тәжірибемде «шоттарым бұғатталды. Менің төленбеген қарызым бар екен. Бірақ мен несие алмадым» деп көп хабарласып жатады. Байқауымша, алаяқтар кімнің несиелік тарихы жақсы, сол адамдардың атынан рәсімдейді. Себебі, қарызы бар немесе төлей алмай кешіктіріп жүрген азаматтарға банк пен микроқаржы ұйымы несиеге келісім бермейді. Алаяқ оңай жолды қарастырып бағады», – дейді заңгер.

Қазір барлығы онлайн болған соң алаяқтық тіптен өршіп кетті. Қашықтан кімнің несие алып жатқанын банк біле бермейді. Алайда, банкте өз шоттарын көрсету маңызды. Мұны алаяқтар қалай пайдаланады? Осы сұраққа маман жауап береді.

● МАМАН КЕҢЕСІ

**Жанбота
КӘРІБЕКОВА,
заңгер:**

Алаяқтардың дені психолог болып келеді



Өзгенің атынан несие рәсімдеп жатқан адамға хабарласып, «сізге қателесіп ақша аударып жібердім. Маған кері қайтарыңыз» деп шотына немесе терминал арқылы өзіне қайтаруын сұрайды. Ал банк шотына микроқаржы ұйымынан түскен ақша сіз займ алдыңыз деп емес, басқа банктен ақша түсті деген ақпарат келеді. Мұндай жағдайда сіздің шотыңызға басқа жақтан ақша түскен болса, бірден банкке хабарласып кімнен келгенін білу керек. Тағы бір жолы ол алаяқтар хабарласып, сізге екінші деңгейлі банктен біреу кредит алып жатыр. Бұл кредиттен бас тарту үшін маған өзіңіз туралы ақпарат айтыңыз деп, тіпті банк картасының нөмірі мен соңғы 3 санды да сұрап алып жатады. Содан соң несие алынып қойды, енді оны бізге қайта жіберіңіз деп ақшаны өздеріне қайтарып алады. Алданған азаматтар төлем уақыты келгенде ғана алаяққа алданғанын түсініп жатады. Кез келген нөмірден несие, ақша туралы хабарласса, бірден банктің өзіне хабарласқан жөн.

Бірде танысыма біреу хабарласып, «тезірек картаңыздың нөмірін, құпия сөзді айтыңыз, сіздің атыңыздан несие алып жатыр» деген. Сол сәтте телефон үзіліп кеткен. Банкке хабарласқанда бұл ақпараттың жалған екенін білді. Сөйтіп, алаяқтықтың алдын алдық. Танысымның несие тарихы өте жақсы еді. Тағы бірде бір азамат атынан микрозайм алынғанын шотына арест түскенде ғана білген. Алаяқтарға 10 млн теңге несие рәсімдеп, өздеріне аударып жіберген жағдай да кездесті. Алаяқтық фактісі анықталса ең бірінші кезекте банктен немесе микроқаржы ұйымынан қарыз шартын алу керек. Қарыз шартында адам туралы барлық ақпарат пен байланыс телефондарын тексеру керек. Несиеге өтініш берген кезде телефон нөміріне құпия сөз келу арқылы келісім береді.

Алаяқтық жағдайда көбіне келісім-шарттағы телефон нөмірі мүлдем басқа болып шығады. Алдымен телефон нөмірі тіркелмегені туралы ақпарат алу керек. Бұл ақпаратты байланыс орталығынан алуға болады. Содан соң жергілікті полиция органына арыз жа-

зып, алаяқтық ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабының 2-бөлігі 4-тармақшасы ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен жасалған алаяқтық бойынша іс қозғалады. Одан соң алданған азамат өзін жәбірленуші деп тану туралы қаулыны алу керек. Осы құжаттарды дайындаған соң несие келісім-шартын жарамсыз деп тану және кредиттік тарихқа өзгеріс енгізу бойынша Азаматтық істер бойынша талаппен сотқа жүгіну қажет. Себебі, қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі соттың шешімімен бұл әрекет заңсыз және келісім-шарт жарамсыз деп танылған жағдайда ғана несие тарихына өзгеріс енгізе алады. Осылайша жәбірленуші қарызды төлемей, заң арқылы мәселені шеше алады.

Ең дұрысы – алаяқтардан сақтану. Заңгер ретінде кез келген адамға өзі туралы жеке ақпараттарды айтпауға кеңес беремін. Жеке куәлік көшірмесін әркімге жібермеу керек. Өз құқығын білмейтін адамдар қорқақ болып келеді. Алаяқтарға жиі алданады. Әккі алаяқтар психолог сияқты адамды әбден зерттеп алады. Өздері алаяққа несиені рәсімдеп беріп жатқанын түсінбейді. Әр адам күнделікті өмірге қажетті өз құқықтарын білсе ғана киберқылмыстың азаюына жол аша аламыз. Интернет желілерін алаяқтарға алдану үшін емес, қажетті ақпараттарды оқып, білім алу үшін пайдалансақ, көп нәрседен ұтатынымыз анық.

Телеграмм бойынша кездесіп жатқан алаяқтық түрі көп. Жүргізуші куәлігін сату, телеграмм каналын бұзу, оны қайтару үшін ақша талап ету, фотосуреттерді таратамын деп қорқыту бар. Жалпы, телеграмға, басқа да әлеуметтік желілерге келген сілтемелерді ашуға болмайды. Қазір өкінішке қарай, «қолыңның ұшың қимылдатпай-ақ» көп ақша табасың деген жалған жарнамаға алданатындар көп. Әсіресе, телеграмда алаяқтардың дәурені жүріп тұр. Мұндай алаяқтық істерді көбіне шетел азаматтары жасайтындықтан, алаяқтық туралы іс қозғалғанымен, ақшаны қайтарып алу екіталай.

**Бетті дайындаған
Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

5 ТЕЛЕФОН ТӘРКІЛЕНДІ



Алматы полицейлері смартфон ұрлады деген күдікпен әйел адамды ұстады.

«Солтүстік айналма жолының бойындағы «Алатау-2» базарында қалта ұрлығымен айналысқан К. есімді азаматша ұсталды. Қыздың күртешесінің қалтасынан Samsung телефонын шығарып алған. Жедел-ізвестіру іс-шараларының нәтижесінде күдікті ұсталды. Ұстау кезінде одан бес телефон тәркіленді. Қазір тергеушілер әйелдің Алматының басқа да аудандарында осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғын тексеріп жатыр», – деді Жетісу аудандық полиция басқармасының басшысы Жәнібек Шынасылов.



КАТАР – 2022

АРГЕНТИНА ӘЛІ ДЕ ФАВОРИТ ПЕ?

Лионель Месси жорығын топтық кезеңнен-ақ аяқтауы әбден мүмкін



Катарда өтіп жатқан Әлем чемпионатының алғашқы күндері Аргентина құрамасының күтпеген жеңілісімен есте қалды. Осылайша өзінің соңғы дүниежүзілік додасына қатысып жатқан Лионель Месси жорығын топтық кезеңнен-ақ аяқтауы әбден мүмкін. Жалпы, бұған дейінгі чемпионаттарда мұндай сенсациялар тіркелген бе еді?

Әлбетте, одан кейін алаңға Испания шықты, немістер алғашқы кездесуін өткізді, Франция ірі жеңісін тойлады, Де Брюйне бастаған Бельгияның ойынын көрдік, Левандовскидің пенальти соға алмағанына куә болдық. Мұның алдында Англияның ірі жеңісін тамашаладық. Бірақ ешбір матчтың артынан Аргентинаныкіндей әңгіме айтылмайтын шығар.

Ойын туралы сараптаудың қажеті жоқ шығар. Көзіқарақты оқырман түйетін нәрсені матчты теледидардан көріп жатып та түйіп алды. Ал Сауд Арабиясында бүгін ұлы той. Тіпті, король Салман бен Әбдел Әзиз Әл-Сауд жеңістен кейін сәрсенбіні мереке деп жариялап, мемлекеттік қызметкерлер мен қаржы секторының мамандарына, оқушылар мен студенттерге демалыс берді.

Шынымен де, ешкім Сауд Арабиясынан мұндай ерлікті күткен жоқ. Әсіресе, бірінші



таймнан кейін. Бәрі де Аргентина үшін сәтті басталған. Қарсылас қақпасына пенальти белгіленіп, оны Лионель Месси мүлтіксіз орындады. Артынша «Альбиселестенің» үш голы саналмады. Үшеуінде де ойыншылар офсайдта қалып қойды. Бұдан бөлек те, ойын тізгіні толығымен Месси бастаған жігіттердің қолында болды. Алайда, екінші таймда сценарий 180 градусқа өзгеріп кетті. Жылдам соғылған екі гол аргентиналықтардың аптығын бірден басты. Естерін жинай

алмай, сол күйі бастары салбырап, ойынды аяқтады.

Алғашқы ойынын сәтсіз өткізіп, Әлем чемпионы атанған командалар:

Жыл	Команда	Алғашқы қарсыласы	Есеп
1966	Англия	Уругвай	0:0
1982	Италия	Польша	0:0
2010	Испания	Швейцария	0:1

ФУТБОЛ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ҚАҚПАШЫСЫ



Қазақстанның кәсіпқой футбол лигасы 2022 жылдың үздік қақпашысын анықтады. Премьер-лига командаларының бас бапкерлері мен капитандары арасында жүргізілген сауалнама бойынша «Шахтер»

қақпашысы Игорь Шацкий үздік голкипер атанды.

Естеріңізге сала кетейік, 2021 жылғы маусымнан бастап үздік қақпашысы жүлдесі Құралбек Ордабаевтың есімімен аталады. Сауалнама қорытындысы бойынша 2022 жылғы маусымның үздік қақпашысы атағын Қазақстан ұлттық құрамасы мен қарағандылық «Шахтердің» голкипері Игорь Шацкийге бұйырды. Сауалнама қорытындысы бойынша, ол 54 ұпай жинаған. Екінші орында «Ақтөбе» голкипері Стас Покатилов. Оның еншісінде 32 ұпай. Ал үздік үштікті 20 ұпаймен «Қайрат» қақпашысы Данил Устименко қорытындылады. Айтпақшы, Шацкий аталмыш жүлдені екінші жыл қатарынан жеңіп алды.

Жалпы, Қазақстан чемпионатында Игорь Шацкий биыл 21 матч өткізді. Оның бесеуінде қақпасына гол жіберген жоқ. Сонымен қатар, Игорь биыл Ұлттар лигасының ойындарында Қазақстан құрамасының негізгі қақпашысы болды. Бас командамыздың сапында қақпашы 2019 жылдан бері 15 ойын өткізіп, 17 гол жіберген.

ШОРТ-ТРЕК

ӘЛЕМ КУБОГЫ КЕЗЕҢДЕРІНЕ ҚАТЫСАДЫ



Желтоқсанның 9-ы мен 11-і аралығында Алматыда шорт-тректен Әлем Кубогының III кезеңі, ал 16-сы мен 18-і күндері IV кезеңі өтеді. Осыған орай, Қазақстан құрамасы жарысқа қатысатын спортшыларының тізімін жариялады.

Жылдың қорытынды жарысы оңтүстік астанамыздың «Халық Арена»

спорт сарайында өтеді. Оған әлемнің 30 елінен барлығы 250-ге жуық таңдаулы спортшы қатысады деп күтілуде. Бұлардың арасында Олимпиада және Азия ойындарының жеңімпаздары, Әлем чемпиондары мен жүлдегерлері де бар.

Қазақстан биылғы маусымда Халықаралық конькишілер одағынан (ISU) шорт-тректен екі Әлем Кубогы кезеңін өткізу құқығын алды. Алматыдағы аламанда Ұлттық құрама сапында 12 спортшы бақ сынаиды:

Ерлер: Абзал Әжіғалиев, Әділ Ғалиахметов, Денис Никиша, Нұртілек Қажғали, Еркебұлан Шамұханов, Санжар Жанысов;

Әйелдер: Ольга Тихонова, Яна Хан, Мадина Жанбосынова, Анастасия Астраханцева, Алина Әжғалиева, Алёна Волковицкая.

Айта кетейік, соңғы рет Алматы Әлем Кубогы кезеңі осыдан 4 жыл бұрын ұйымдастырылған. Елімізде алғаш рет өткен 2018 жылғы бәсекеде Абзал Әжіғалиев өз отандастарының көз алдында 500 метрге жарыста қола жүлдегер атанған.

Жалпы, биыл Канаданың Монреаль қаласында өткен Әлем Кубогының алғашқы кезеңінде ерлер құрамасы 5 шақырым эстафетада күміс жүлдеге қол жеткізсе, Солт-Лейк-Ситидегі екінші кезеңде бас командамыз үш бағдарламада жүлделі болды. Әуелі Абзал Әжіғалиев 500 метрде мәре сызығын екінші болып қиды. Ертесіне Денис Никиша 500 метрге жарыста күміс жүлдегер атанып, Әділ Ғалиахметов 1000 метрге жарыста үздік үштікті түйіндеді.

ТЕННИС

UNITED CUP ТУРНИРІ

Желтоқсанның 29-ы мен қаңтардың 8-і аралығында Аустралияда теннистен United Cup халықаралық турнирі өтеді. Командалық жарыс ретінде өтетін бәсекеге Қазақстан құрамасы да жолдама алды.

Қазақстан құрамасы «В» тобында Польша және Швейцария командаларымен шеберлік байқасады. Федерация сайты тартқан ақпаратқа сәйкес, бұл турнирде ел намысын Александр Бублик, Тимофей Скатов, Денис Евсеев, Григорий Ломакин, Юлия Путинцева, Жібек Құламбаева және Гөзал Айнитдинова қорғайды.

Айта кетейік, жүлде қоры 15 млн АҚШ долларын құрайтын аталмыш турнир сонау 1989 жылдан бастау алады. Биыл жарысқа 18 команда қатыспак. Кубок форматы бойынша, олар үш-үштен 6 топқа бөлінген. Турнир Аустралияның Брисбен, Перт және Сидней қалаларында қатар өтеді.

United Cup халықаралық турнирі
А тобы: Грекия, Бельгия, Болгария.

В тобы: Польша, Швейцария, Қазақстан.

С тобы: АҚШ, Германия, Чехия.

Д тобы: Испания, Аустралия, Ұлыбритания.

Е тобы: Италия, Бразилия, Норвегия.

Ғ тобы: Франция, Хорватия, Аргентина.

Бетті әзірлеген Әзиз ЖҰМАДІЛ.



ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНА

«ШАЛАБАЙЛАР»

қазақтың тұмағында өскен

Қазір медицинаның қарқынды дамығаны соншалық, ана құрсағындағы әлі де жетіле қоймаған 1000 грамм, тіпті 500–700 грамм салмақтағы шарананы да адам қатарына қосып жібереді. Жуырда Халықаралық шала туған нәресте күні Алматы қаласының перзентханаларында да салтанатты түрде атап өтілді. Аталған мереке шала туып, бүгінде толыққанды өмір көшіне ілесіп, бақытты күндер кешіп жатқан балдырғандар мен олардың ата-аналары үшін кішігірім той секілді өтті. Перзентхана іші балалардың жарқын күлкісіне бөленіп тұрды.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Шала туған нәрестелер перзентханада туа салып, арнайы жабдықталған кувез (французша – инкубатор) деген аппаратта жатады. Ол – шақалаққа оттегіні автоматты түрде беретін әрі жайлы температуралық режимді сақтап тұратын құрылғы. Химиялық дезинфекциялық құралдарға төзімді органикалық шыныдан жасалатын аппараттың жан-жағында баланы күтіп-бағатындарға арналған қол сұғатын шағын терезелері болады.

Ал сол кувез деп аталатын заманауи төсектеі бабамыз баяғыда ойлап тауып қойған. Яғни баланы жылы тұмағына салып баққан. Қазақта шала туған баланы «Шалабай» деп те атаған. Ай-күніне жетпей туған ондай сәбилердің терісі тым жұқа, арық әрі әлсіз болатындықтан, анасының омырауын емуге де шамасы жетпейді. Қолға ұстауға, бесікке бөлеуге келмейтіндіктен әжелеріміз «шалабайларды» ай-күні жеткенше тұмаққа салып, жоғарыға іліп қоятын болған.

Сондай-ақ, тұмақ табиғи аң терісінен жасалатын бас киімдердің бірі болғандықтан жылы әрі жұмсақ болады. Сондықтан оның ішінде жатқан шарана өзін шешесінің құрсағында жатқандай сезінеді екен.

Ал бүгінгі «шалабайлар» дәрігерлердің жіті бақылауында болады. Ана құрсағында 9 ай, 9 күн жатып, жетіліп туылатын бала мен ай-күні жетпей дүниеге келетін баланың күтімінде айырмашылықтар жер мен көктей. Қазір әрине, ақпараттық технологиялардың қарқынды түрде дамып жатқан тұсында заманауи аппараттар да жеткілікті. «Шалабайлардың» күтімі нәтижелі болуы, ең алдымен, білікті дәрігерлерге және жоғары технологиялық құрал-жабдықтарға байланысты.

Осыдан он-он бес жыл бұрын салмағы бір келіге жетпей туған балалардың өмір сүруі мүмкін емес деп күтімге алынбайтын. Ал қазір медициналық құрал-жабдықтардың жетілдірілгені соншалық, арамдыда жетіліп, толыққанды өмір сүріп жүрген «шалабайлар» өте көп.

Кей балалардың шала тууына сыртқы факторлар, әсіресе, болашақ ананың химиялық, зиянды өндірісте жұмыс істейтіні себеп болуы мүмкін. Ұзақ уақыт тікесінен тік тұру, ұзақ жүріс те зиян көрінеді. Қатты күйзеліс те ай-күніне жетпей босанып қалуға әкеп соқтыруы ғажап емес. Сондықтан әйелдің жүктілік кезінде неғұрлым сабырлы болғаны абзал.

Егер әйел жүкті болғанға дейін диета ұстап, арықтағысы келіп, ашығу тәсілін қолданған болса, оны да назарда ұстау керек көрінеді. Егер ананың жүрегі немесе бүйрегі ауырса, әсіресе, олар жиі асқынып тұрса, ол міндетті түрде құрсақтағы нәрестеге әсер етеді. Сондықтан ондай әйелдерге мамандар жүктілікті алдын ала жоспарлау және оның алдында өз ауруларын мұқият емдету жөнінде кеңес береді. Жүктілік кезінде токсикоз да қауіпті.

Не десек те, бала болашағына ана да, әке де жауапты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

РАХМЕТ, СІЗГЕ, ДӘРІГЕР!

Айгүл ӨКСІКБАЕВА,
ата-ана:

– Арада бір жыл өтсе де, менің баламның да өмірі үшін күрескен әрбір күн әлі күнге жадымда. Мен ұлымды жүктіліктің 24-ші аптасында дүниеге әкелдім, оның салмағы 680 грамм болды. Мерзімінен бұрын туғандықтан, 24-ші аптада оның ішкі құрылысы толық дамымаған. Ол өздігінен дем ала алмады және оны бірден реанимацияға алып кетті. Ұлым екеуіміз үйге дәл үш айдан кейін шықтық. Осындай қиын кезеңде баламды құтқару үшін қолдан келгеннің бәрін жасаған барлық дәрігер мен медбикелерге алғыс айтқым келеді. Мен қиын сәтте жанымыздан бір елі де кетпеген Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының мамандарын нағыз сиқыршылар десем, әсірелегенім емес шығар.

Назгүл ОРЫНБАЕВА,
ата-ана:

– Мен де ұлымды мерзімінен бұрын босандым. Он күн бойына акушер-дәрігерлер, неонатологтар және анестезиологтар баланың өмірі үшін реанимация қабырғасында күн-түн күресіп, төрт күн бойы бөбегім SIPAP аппаратында жатты. Осыдан кейін біз одан әрі күтім жасау үшін неонатология бөліміне ауыстырылды. Қолыңа ұстауға да келмейтін кіп-кішкентай нәрестеме қарап жүрегім күнде ауыратын, үнсіз жылап алатын сәттерім де көп еді. Бүгін біз 1,5 жастамыз. Бізді адам қатарына қосқан, отбасымыздың бақытын, қуанышын еселейтін №2 қалалық перзентхананың ақ халатты абзал жандарына шын жүректен ризамын.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК



Халықаралық шала туған нәресте күні 2010 жылы Еуропа елдерінен бастау алынды. Иә, ағзасы жетілмей жатып дүние есігін ашып, өліммен күресіп, оны жеңетін нәрестелерді өмірге құлшынысы ерекше сәбилер десек те қателеспесіңіз, сірә.

МАМАН КЕҢЕСІ

ӘРБІР 12-ШІ СӘБИ АЙ-КҮНІНЕ ЖЕТПЕЙ ТУАДЫ

Елена ПЛУЖНИКОВА,
Алматының штаттан тыс
бас педиатр-неонатологі:

Егер бала жүктіліктің 37-ші аптасына дейін өмірге келген болса, шала туған болып саналады. Статистика бойынша Алматыда шамамен әрбір 12-ші сәби ай-күніне жетпей туады. Жыл сайын мегаполисте 5 мыңға жуық нәресте жүктіліктің 37-ші аптасына дейін туып қалады. Олардың 250-ден астамы тым аз салмақпен өмірге келеді. Мұндай балаларды күту үшін күрделі аппараттар, қымбат дәрі-дәрмектер, жоғары білікті медициналық қызметкерлер, сондай-ақ ата-аналардың шексіз сүйіспеншілігі мен төзім, сабыры қажет. Біздің мегаполисте аналар мен балаларға перинаталдық көмек көрсету жүйесі нақты және үйлесімді жұмыс істеп келеді. Соның нәтижесінде шала туған балалардың бәрі адам қатарына қосылып, толыққанды өмір сүруде.

Амилия Тэйлор 2006 жылы Америкада туылған. Ол анасының құрсағынан небәрі 22 аптада дүниеге келіп, аман қалған. 284 граммағы Амилияның бойы 25 см, денесі адамның бір қолына сыйып кететіндей болған. Алайда, ағзасы дұрыс жетілмей туған Амилия өмір үшін күресті де, жеңді. Ол инкубаторда жарты жылға жуық жатқан. Перзентханадан шығарылғанда салмағы 1,8 кг болған. Бүгінде 16 жастағы ару қыз. «Берілмейтін» деген мағынаны білдіретін Амилия есімі де қыздың затына сай секілді.

Руманса Рахман 244 грамм салмақпен дүниеге келген. Ал егіз-әпкесі екі есе артық салмақпен, яғни 567 грамм болып туған. Инкубатордан шыққан егіздер 10 аптадан соң-ақ адам болып қалыптасып үлгерді.

Мэделин Мэнни 1989 жылы 280 грамм салмақпен дүниеге келген. Туғанда миына қан құйылған, алайда сәбидің өмірін дәрігерлер аман алып қалған. Кішкентай ғана сәби бүгін 29-да, денсаулығы да мығым.

Айтпақшы, америкалық жазушы Марк Твен, физик-теоретик Альберт Эйнштейн, орыс балеринысы Анна Павлова, белгілі саясаткер Уинстон Черчилль шала туған.



КӨРМЕ

СӘНДІК КЕСКІНДЕМЕЛЕР
САЛТАНАТЫӘбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер
музейінде «Бояулар мерекесі» ашылдыАқтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Белгілі заманауи қазақстандық суретші
Салтанат Сәдібекованың «Бояулар мерекесі»
көрмесі бір көргеннен ұсынылған туындыла-
рының жарқын, қанық палитрасымен көрер-
мендердің назарын өзіне аударары сөзсіз.



«Салтанат оқып жүрген кезінде де, белгілі бір сәттің сүйкімділігі мен көргендерінен алған әсерлерін шебер жеткізген импрессионист суретшілерге қатты қызығушылық танытқан. Өзінің сүйікті суретшілері сияқты, Сәдібекова үнемі эксперимент жасайды, біресе, таза бояуларды түтіктен тікелей кенепке сығып, бояп, туындысын импрессионисттерге ұсақ бояулармен аяқтайды, біресе, қарама-қарсы түрлі-түсті көлеңкелер жасау үшін қара түсті немесе қою көк кобальтты пайдаланады. Жас суретші француз және орыс пост-импрессионист және авангард суретшілерінің полимикалық жұмыстарына назар аударады», – дейді көрме жетекшісі Мария Копелиович.

Оның туындысында өзіне тән қарама-қарсы түстер, жеңіл геометриялық пішіндер, объектілерге бірнеше көзқарастардың үйлесімі көрінеді. Бұл әсерлер перспективаны өзгертеді және барлық жоспарларды біртұтас тұтастыққа біріктіруге ықпал етеді. Дамуды жалғастыра отырып, оның шығармашылық тәсілі өзгеріп, ұзақ уақыт бойы алған көптеген білімін «өзінің» біртұтас білімімен ұштастырады.

«Бүгінгі таңда Сәдібекова біздің мәдени өмірімізге берік енген «сәндік кескіндеме» стилінде жұмыс істейді. Ол латынның «desis» сөзінен шыққан, «бездендіру» деген мағынаны білдіреді. Декоративтілік көркем шығарманың көркемдік дизайнын толықтыра отырып, талғампаздығымен, сәндік формасымен, бәлшектерді мұқият өңдеумен ерекшеленетін өнер туындыларының ерекше сапасы ретінде көрінеді», – дейді көрме жетекшісі Мария Копелиович.

Суретші түсті туындының өзін-өзі басқаратын объектісі ретінде түсіндіреді. Сонымен қатар, ол түс пен сызық, пәндік пішін және үш өлшемді кеңістік арасындағы көрнекі диалогқа да қызығушылық танытады. Мысалы, күздің суреттерін салу үшін Салтанат күзгі ашық табиғи түстерді пайдаланады, бірақ екінші және үшінші жоспардағы үнсіз тондардың, ақ дақтардың қарама-қайшылықтарының және бірінші жоспардағы қараңғы сызықтық үлгісінің арқасында оларды күйдіріп, жарқыратады. «Шарын шатқалы» туындысында жаздың аптап ыстық күні бейнеленген, онда аспанның қанық көк түстері «әлсіреген», ал құлыштар аңғары шөлейтін ыстығына толы. Биіктігі 300 метр және 12 миллион жыл болған шөгінді жыныстардан тұратын көлемді монументалды табиғи ескерткіштер бірінен соң бірі бейнеленген. Осы шығарманы қарастыратын көрерменге Шарынмен байланысты кез келген гипербола, метафора, эпитеттің сыры ашылады. Сәдібекова кенептерге алдын ала эскиздер жасамайтынын, бірақ бос кенепке «көлеңкесіз сызықтармен» сурет салатынын, содан кейін жұмыс «жоғарыдан аян түрінде келетін колористикалық шешіммен» аяқталатынын айтады. Кейде суретші әртүрлі әлем халықтары ертегілері қатар келетін сюжеттерге назар аударады, содан кейін ежелгі әлемнің мәдениетіне көңіл бөледі, бұл суретшіге кітаптарға емес, интерьерді безендіруге арналған «миниатюра-лар» түрін жасауда бұрынғы шеберлердің тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік береді. Кейде суретшінің жұмысы тарихи тақырыпқа деген айтарлықтай қызығушылығын көрсетеді. Ол үшін жалпыадамзаттық мәселелерге, міндеттерге және оларды шешу мүмкіндіктеріне көңіл бөлу өзекті болып отыр.

Қазіргі заманғы өнерде форма мен стиль шексіз түрде еркін қолданылады. Бұл фактіні бастапқы нүкте ретінде қабылдай отырып, Салтанат өзінің шынайы үні мен әлемге деген көзқарасын көрсетуге тырысады. Оның пікірінше, шығармашылық ізденіс, өзін-өзі көрсетуге деген ұмтылыс суретшіден өте адал болуды, етене жақын, терең тәжірибенің басын ашуды талап етеді, сондықтан ол әрқашан өз картиналары үшін жана бағыттар мен бейнелерді іздейді. Экспозицияны желтоқсан айының 24-іне дейін тамашалай аласыздар!

АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

ҚАЗАҚТЫН



Қазақ халқының бақ-бәреkesі де, құт-несіbesі де – бай дастарханы. Босағасынан аттаған жанды ас ауыз тигізбей жібермейтін, қонағын құдайындай күтетін халқымыздың ас әзірлеу шеберлігі, етті сақтауы, малды баптауы, ұлттық тағамдарының жасалу технологиясының өзі – тұнған ғылым.

Шетелде уақытша тұрып жатқан немесе ұзақ уақытқа турист болып барған қазақтардың көбі барған елдерінің асханасына үйренудің қиын екенін, етті қатты сағынатындарын айтып жатады. Рас, біз өз елімізде өз асымыздың қадірін біле бермейміз. Сондықтан да болар, қазір қаламыздың көшелерінде түркітін, ұйғырдың, дүнгеннің, өзбектің асханасы толып тұр. Таза қазақ асханасы саусақпен санарлық. Одан қалса, кейінгі жылдары тез әзірленетін фаст-фудқа да әуестеніп алдық. Екі аттасаң, бургер мен донер сатыны сауда нүктелері. Шекарамыздан кіргізіліп жатқан күмәнді азық-түліктер ұлттық асымызды ығыстырып тастағанын мойындамасқа шарамыз жоқ.

Қазақтың ұлттық асханасы адамға күш-қуат, жанға дауа беретін нағыз пайдалы тағамдардан тұрады. Басқасын айтпағанда, ет ауқаты қалай дайындалады? Ірі қараның еті болса, оны 3 сағаттай қайнатамыз, ұсақ малдың еті 1,5 сағат қайнайды, көбігі алынады, сүйектің сөлі сорпаға шығады. Ұзақ қайнап піскен астың құрамында ешқандай зиянды заттар болмайды. Ал енді қарапайым құртты алып қарайық. Қазақта сүзбе құрт, қайнатпа құрт, езбе құрт, сықпа құрт, малта құрт деген секілді құрттың түр-түрі бар. Әрқайсысының пайдасы ұшан-теңіз, құрамы кальцийге бай. Ең бастысы, жасалу технологиясының кереметтігі сол, құрт жылдап сақталады, бұзылмайды.

Ұлттық тағамдарымыздың түрі өте көп. Олардың біразын күнделікті өмірімізде тұтынамыз. Дегенмен, уақыттың желісіне, заманның өзгеруіне орай мүлде ұмытылып қалған тағамдарымыз да жетерлік. Ендеше, бүгінде бізге таңсық болып, ұмытылып кеткен тағамдардың бірнешеуіне тоқтайлық.

Ұмыт болған ұлттық тағамдар

Төңкерме

Төңкерме тез әзірленетін әрі жеңіл тамақ. Қызып тұрған қазанға бидай ұнын себелей отырып қуырып басқа ыдысқа салып алады. Сосын қазанға малдың құйрық майын турап шығғырады. Еріген май үстіне су, сүт құйып, алғінде қуырылып, дайын тұрған ұнды қосып, тұз салып араластырады. Бұлар толық араласқанда қоюланып, дәмді әрі жұп-жұмсақ төңкерме дайын болады. Бұл тамақты табаққа салып, қасықпен жей беруге болады.

Түте

Халқымыздың ұлттық тағамдарының бірі – түте. Бұл жаугершілік заманда ойлап табылған тағам түрі болса керек. Етті әбден мейіздей қылып сүрлейді де, тұз сіңіп, қатып қалған соң, алдымен балтамен жентектеп шабады. Сонан соң келіге салып, түте-түтесін шығарып түйеді. Бұл түте әсі-

ресе, жолда келе жатқанда тойымды тамақ саналған. «Аттың жалы, түйенің қомында» келе жатып, қоржынындағы түтеден алып, бірер толғаса, өзегі талмай жүре береді деседі. Бұл да мүлде ұмытылған тағамымыздың бір түрі.

Балқаймақ

Қазақ дастарқанында бүгінде сирек көрінетін бұл тағам кәдімгі қаймақтан жасалады. Жаңа тартылған қаймақты шағын ыдысқа салып, оны май болып сұйылып кетпейтіндей жағдайда баяу қайнатады. Қайнау сәтінде аздап бал, ақ ұн сеуіп, араластырып отырады. Сәл суығаннан кейін кімге болса да ұялмай алдына қоюға болатын тағамға айналады. Қазақ салтында сары май, балқаймақ, ақлақ жеген қонақтар «бізге ет асып бермедің» деп ренжімейтін болған. Қайта жеңсік тағам бергені үшін риза болып аттанған. Балқаймақ емге де қолданылады. Мұны емшілер әдейі түрлі қоспа жасап дайындаған.

Жөргем

Жөргем ішек-қарыннан жөргем-деп дайындайды. Тұздап, кептіріп отқа қарып жесе де болады. Өте пайдалы әрі құнарлы ас, дәрумендерге бай.

Қарын бөртпе

Аты айтып тұрғанындай, бұл қарынға салынып пісірілетін ұлттық тағам. Оны пісіріп дайындау үшін жас ет туралады. Сүйектері ұсақталып шабылады. Сосын айналдырылған қарынға тұз, бұрыш, жуа қосылып, аузын мықтап буады да қазанға салып, суға қайнатады. Оның дәмі қазанға асқан еттей емес, дәмді, хош иісті әрі жұмсақ болады. Қарынның ішінде пісірілгендіктен өз нәрі өзіне сіңеді. Бұл да кәделі тағамдар қатарына жатады.

КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Король Лир»

Өтетін орны: Абылай хан даңғылы, 38, F.Мүсірепов театры.

Спектакль авторы: Уильям Шекспир.
Қоюшы-режиссері: Фархад Молдағали.

Аударған: Әбіш Кекілбайұлы.

Жанр: трагедия.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Жас санаты: 18+.
Күні мен уақыты: 23 қараша, 18.30.

«Арманға
апарар жол»
көрмесі

Өтетін орны: Алмалы ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 132. «Алматы мұражайы».

Көрмеде: Көрме Бибігүл Смакованың шығармашылық жолының қалыптасуына үлес қосқан анасына деген шексіз сүйіспеншілігіне және Гүлнара Табановамен достығына арналған. Көрмеде суретшілер арасындағы 40 жылға жуық достық біртұтас шығармашылық танымалды ұсынылады.

Күні мен уақыты: Көрме қараша айының 29-ына дейін жалғасады.

Жас санаты: 3+.




Хоккей

Өтетін орны: Алматы қаласы, «Алматы Арена» мұз айдыны.

Өтетін күні: 26, 27 қараша.

Уақыты: 13.00 де.

Ойын: ХК «Алматы» – ХК «Снежный барыс» командалары арасында өтеді.





ДАСТАРХАНЫ



Бұқпа

Бұқпа – жазда марқаның етінен пісірілетін дәмді, әрі жеңік тағамдардың бірі. Кейде бір үйге сирек келетін, шақырып келтіре алмайтын сыйлы азаматтар келіп қалады. Қонақтардың уақыты тығыз болған жағдайда сыйлы қонаққа бас тартылғанмен парпар жеңік ас бұқпа ұсынылған. Қымыз сапырылып, шай қайнап жатқанда үй иесі бір марқаны сойып, «бұқпа» әзірлей береді.

Марқаның терісі сыпырылғаннан кейін, жіліктері мен омыртқалары өткір балтамен шабылады да қазанға салынады, аздап су құйылады. Қазан беті тығыз жабылады да, ет өз буымен піседі. Кейде оның дәмін арттыра түсу үшін қаймақ та салған. Піскен етті нан салмай-ақ қонақтар алдына қояды.

Майшұрқан

Бұл тағамға қазақтар семіз ет, құйрық шарбы, өкпе, бүйрек қосып қайнатып тұз, сарымсақ, бұрыш салып, үстіне талқан немесе ұн, құрт қосып, майлы тұздығымен жеген. Бұл тағам көбінесе жорықта, жылқы қостарында әзірленген. Бұдан соң майшұрқанды қамырдың ортасына ұсақ туралған майлы ет немесе жанышталған ет салып пешке де пісіруге болады. Майшұрқанды пешке салып пісірерде мүмкіндігіне қарай, ұнды суға емес, сүтке, ол болмаса жас сорпаға илесе, дәмді және құнарлы болады.

Шыж-быж

Қазақта «Мың сіз-бізден бір шыж-быж артық» деген нақыл бар. Бұл шыж-быж тағамына қатысты айтылған дүние. Өдетте жылқы сойылып жатқанда қасапшылар қуырдақ дайын болғанша жылдам әзірленетін жеңіл тағам дайындайды. Шыж-быж соғымның бүйрегі мен шарбы майын отқа

қақтап шала пісіру арқылы дайындалады. Шыж-быжға жаңа сойылған малдың өкпе-бауырын, мойын, төстік етін, жүрек, бүйрегін, сондай-ақ ішек-қарынын да қосуға болады. Жалпы, бұл тағамды «ауыл үйдің арасында араздасып жүрген адамдар болса, солардың көңілін жарастырып жіберу үшін де даярлайды» деседі.

Мыжыма

Қазақ шаңырағына келген сыйлы кісілерге міндетті түрде мал сойып, бас ұсынады. Алайда, кейде қонақтар асығыс жүреді. Мұндайда қазақтар мал сойдырмаған кісілерге соған лайық дәм таттыратын жолды таба білген. Осындай бағалы тағамдардың бірі нақ осы мыжыма. Бұл негізінен, нан тағамы. Наннан үлкен ас жок. Келген кісілердің соятын малға қарамайтынын білген бәйбіше шоққа дереу таба нан салады. Ол ілезде қайнаған шаймен бірге пісіп шығады. Бәйбіше сырлы аяқты алып, қарыннан сары майды мол салып, оның үстіне табадан жаңа ғана алынған ыстық нанды турап жіберіп, оң қолмен еседі де, қонақтардың алдына қояды. Тұзды сары майға мыжылған ыстық нан мұндай дәмді болар ма?

Ұлттық дастарханымызда ұннан жасалатын тағамдардың мыжыма, кыықша, шелпек, таба нан, төп, бөртпе, қазанжаппа, жарма, күлше, төңкерме, нан салма, қолдама, сылкетер, бүркеме, бауырсақ, құймақ, қарыма, бәтір нан секілді түрлері бар. Бұлардың ішінде біздің білетініміз – бауырсақ. Еліміздің әр өңірінде бауырсақтың бірнеше түрі бар. Қамырды ашытып пісіретін бауырсақты қонаққа жиі қойса, қамырды ашытпай пісіретін ши бауырсақты алыс жолға кететін жолаушыға және сөлемдеме үшін жиі пісіреді. Бауырсақтың бұл түрі кеуіп қалса да көгеріп, бүлін-

бейді. Бұлардан басқа бауырсақтың ұсақ бауырсақ деген де түрі бар. Бұлардың әрқайсысының өзіндік орны бар. Және бір айта кетер жайт, бауырсақтардың формасы әр өңірде өзінше, бөлек болған.

Ұлттық тағамдарға қатысты салт-дәстүрлер

Халқымызда тамаққа байланысты қалыптасқан тамаша салт-дәстүрлер де көп болған. Олардың әрқайсысының астарында үлкен мән бар.

Айырылыс көже

Бұл – адалдыққа негізделген әдемі дәстүр. Көрші қонғанда «ерулік» беріп, қыстай немесе жаздай бірге отырған, сыйласқан отбасылар қоныс аударып, бөлінген жағдайда «айырылыс көже» шақырысады. «Көже» деп сыпайылап атағаны болмаса сыйлы, сыбағалы табак тартылады. Олар бір-біріне ризашылығын білдіріп, «ұрыспай айырылған ұялмай қосылар» деп тағы да аман-сау қосылуға тілек білдіреді. Бұдан олардың бірін-бірі сыйлау, қиастық көңілдері көрінеді.

Қара сыбаға

Қара сыбаға – сыйлы адамдар қайтыс болған кезде көзкөргендер ол адамның сыбағасын үзбей оның отбасына, әйеліне немесе балаларына әдейі жіберіп отырады. Мұны халық ұғымы мен салтында «қара сыбаға» деп атайды.

Қазақ сыйлы адамдарына, жақын туыстарына жыл сайын тиісті сыбағасын сақтап отырған. Оны әдейі сақтау да, сол сияқты тиісті кісілердің келіп өз сыбағасын жеуі де үлкен парыз әрі сыйластық, құрмет белгісі саналған. Сыбаға сақтамау да, сақтағанын барып тата алмау да бір сын. Бүгінде ұмытыла бастаған қара сыбаға салтының тәлім-тәрбиелік маңызы зор.

Аққұла

Аққұла – бұл ертеде егін егетін елдің бұлжымас дәстүрі болған екен. Қазір халқымыздың салтына айналған аққұла мүлдем ұмытылған. Бұрын әр егінші өзіне қажетті дөнін сеуіп болғаннан кейін әдейі қалдырылған жерге тағы да бөлек дән себетін болған. Ол «аққұла» деп аталған. Бұл қазақшаға аударғанда, «құдай несібесі» немесе «құдай сыбағасы» деген сөз екен. Аққұла өсіп, жиналғаннан кейін жетім-жесірлерге, қайыршыларға және дін жолындағы адамдарға үлестірілген. Бұл елдік дәстүрден қазақ халқының әр шаруашылық иелері тек өзінің ғана емес, жағдайы төмен кедей-кепшіктерді де ұмытпағанын, зор адамгершілік міндеттер атқарғанын көруге болады.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.

(Дереккөз: этнограф Сейіт Кенжеахметұлының «Қазақтың дарқан дастарханы»).

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



АЛАШТАНУ

БОЛАШАҚҚА КҮНДІ КӨРЕ АЛАТЫН ҰРПАҚ КЕРЕК

«Шырағым Ахмет! Шырағым Міржақып! Сендер қайта-қайта абақтыға түсе бересіңдер. Оған налымаңдар. Атам заманнан, Прометейден бергі уақытта ел үшін күрескен азаматтардың көргені абақтының есігі. Баяғыда доңыз бен аққу дос болыпты. Доңыз сонда аққуға: «Ей, аққу, сен айтшы, күн бар дейсің, сол күнді мен неге көрмеймін?» депті. Сонда аққу: «Әй, доңыз, сені Алла төмен қаратып жаратқан, сондықтан сен күнді көре алмайсың!» депті. Шырағым Ахмет! Міржақып! Болашаққа күнді көре алатын ұрпақ керек. Сол ұрпақ сендердің аттарыңды атап, құрмет көрсетіп жатса, бақытты емессіңдер ме!».

Әлихан БӨКЕЙХАН.

(Алаш көсемінің Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлына жазған хатынан).

ЗАМАНСӨЗ

АЛАШ РУХАНИЯТЫНЫҢ УЫЗЫ

Ахмет Байтұрсынұлына бағышталып, сонау 1923 жылы М.Әуезовтің аузымен айтылған «Алаштың рухани көсемі» атты дөп табылған анықтама-теңеу бүгінде арада ғасырлық уақыт-шама өтсе де, ешкім күмәнданбайтын аксиомаға айналып отыр. Ұлттық азаттықты ту еткен Алаш қозғалысының алыс арманындағы стратегиялық мақсаты – жеке отау ұлттық мемлекет құру болғаны сөзсіз. Десек те, алдымен қалың ұйқыдағы қазақты оятар рухани-мәдени төңкеріс қажет болды. Алаш белсенділерін алғаш ұйыстырған Қарқаралы жәрмеңкесіндегі басқосуда саяси талаптардан гөрі ұлттың рухани-мәдени сұраныстары (қазақ мектебі, қазақша сот, қазақ газеті, т.с.с.) мәселесінің басымдығы да осында жатқан еді. Қазақ қоғамына қарулы көтерілістен бұрын қаламға сүйенген рухани-мәдени төңкеріс қажеттілігі біз әлі күнге тергеп-тексеріп түгесе алмай жатқан Алаш (жадітшіл) ағартушылығы феноменін дүниеге әкелді.

Алаштың ағартушылық платформасын айқын жолға қою үшін II Жалпықазақ съезі Ахан бастаған, Міржақып пен Мағжан, Елдос пен Телжан мүшесі болған «Оқулық комиссиясын» құрды. Бұл аласапыранды 1917 жылдың соңғы күндері болатын. 1919 жылы алғашқы большевиктік қазақ үкіметі – Кирревком құрылғанда, В.Ленин мен И.Сталиннің өзі төрағаның бірінші орынбасарлығына А.Байтұрсынұлын тандап, оның мойнына бүгінгі Қазақстанның жартысын алып жатқан аумақтағы жұртшылықтың барша рухани-мәдени және әлеуметтік мәселелерін шешу жүгін артты. Ал алғашқы кеңестік үкімет 1920 жылдың күзінде өз министрлер кабинетін жасақтаған кезде Ахан алғашқы Оқу-ағарту комиссары (1946 жылға дейінгі министрлер) портфелін иеленді...

Гарифолла ӘНЕС, профессор.

БАСПАСӨЗ – 1923

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЛПАҚ ТІЛІН ҚАЛАМҒА ҮЙРЕТКЕН...

«Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап, әліппе шығарып, тіл һәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін қаламға үйреткен Ақан еді...».

«Ақ жол» газеті, 1923 жыл.
(«Ақанның юбилейі туралы» атты хабарламадан).

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ЖАЗБАЛАРЫНАН

■ «Алдымен бауырмалдық жігін жоғалту керек деп адасқандар адаса берсін, қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін сарп ету керек».

■ «Мәдениет алға басуы тірнек ісі шеберленуімен, сана-саңылау күшеюімен болады. Тірнек ісінен шыққан шеберлікті өнер дейміз, сана-саңылау күшінен шыққан білімді ғылым дейміз. Бұл екеуі де іштен адаммен бірге туатын нәрсе емес, үйренумен табылатын нәрсе. Үйрену дегеніміз – оқу. Сөйтіп, мәдениет жүзінде халықтың алға басуы, алдағы жұрт пен арттағы жұрт арасындағы мәдениет жігі жоғалуы оқуға келіп тіреледі... Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен».

■ «Қаптаған қара бұлттай торлап, түрлі пәле халық басына орнап, не қыларын біле алмай, ақылынан адасып, жұрт алақтап, азаматын іздеген шақта бар шырағын жақпай, бар қайратын сарып қылмай, өз басының амандығымен болып, ұранға шаппаған азамат – ол халық алдында жоқ азамат, не ол жаны бар болғанымен, жануарлықтан шықпаған азамат».

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

(Деректер ашық интернет көздерінен алынды).

КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

«Мұзда сырғанау»

Өтетін орны: «Медеу» мұз айдыны.

Күні мен уақыты: 26 қараша, 10.00-де басталып 21.00-ге дейін.

«МЕДЕУ» мұз айдынына келушілер міндетті:

1. Мұз айдынына қатысушылардың барлығына құрметпен қарауға;
2. Барлық қызметтерді www.medeu.kz ресми сайтында, сондай-ақ ресми серіктестердің ресурстарында тек онлайн төлеуге;
3. Кешеннің мүлкіне және жалға алынған жабдыққа ұқыпты қарауға;
4. Мұз жолында тек сағат тіліне қарсы жүруге.



«Самғау»

Өтетін орны: Алматы қаласы, Республика сарайы.

Өтетін уақыты: 27 қараша, 19.00.

Әншілер: Жәния Әубәкірова, Ренат Гайсин, Рүстем Нұржігіт, Марсель, Әміре, Аугее, Шаба, Досжан Үби, Динара Базарбаева, Салтанат Мендіғалиева, Қаракат Башанова, Ғалымжан Нарымбетов және т.б.

Тұрақ: бар.

Ұзақтығы: 1 сағат, 30 минут.

Жас шектеуі: 7+, 7 жасқа дейінгі балаларға кіруге тыйым салынады.

Әзірлеген Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



ДҮЙСЕНБІ
28 ҚАРАША

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Алматы кеші
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студия. Каз/рус
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 81 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Басты назарда (тікелей эфир)
16.00 Женский кинолуб. «Лестница в небеса» 1-2 серия
18.00 Телехикая. «Жазмыш» 1 серия
18.35 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 82 серия
21.00 Телехикая. «Няня. Бизнес по-кыздарски» 1 серия
22.00 Мужской сериал. «Агент» 9 серия
23.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
0.00 Басты назарда (қайталау)
0.30 Сәуле-ғұмыр
1.20 Өмір иірімі
2.00 Дала сазы
2.40 Алматы тұнған тарих
3.00 Алматинские истории
3.25 Алматинские каникулы
3.40 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жүректегі күз». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Жүрегімнің жауһары». Телехикая. (с субтитрами)
14.10 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
15.00 AQPAPAT
15.15 «Үміт оты». Арнайы жоба
15.45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая.
17.00 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
18.50 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA QATAR 2022. Оңтүстік Корея – Гана. Тікелей трансляция
21.00 AQPAPAT
21.30 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA QATAR 2022. Тікелей эфир.
21.50 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA QATAR 2022. БРАЗИЛИЯ – ШВЕЙЦАРИЯ. Тікелей трансляция
0.00 «Сана». Ток-шоу
1.00 AQPAPAT
1.30 «Өмір көркем»
2.20 «Үміт оты». Арнайы жоба
2.45 «Ashyq alań». Қоғамдық-саяси ток-шоу
3.30 «Күй-керуен»
4.00 Өнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»

- 06.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
07.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 Тұсаукесер! «Бақыттың кілті»
10.30 Тұсаукесер! «Бір кітап»
10.35 Мультфильм. «Славные пташки»
12.00 Тұсаукесер! «Мелек»
14.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Мегахит. «Рейд»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар. Біздің мақсат
20.00 Тұсаукесер! «Мелек»
22.00 Тұсаукесер! «Ақ пен қара»
23.00 Телесериал. «Соседи»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 «Күліп ALL»
08.00 Ризамын
09.00 Т/сериал «Невиновный»
10.40 Мультсериал «Маша и медведь»
11.00 Тұсаукесер! «Бірге бол» телехикаясы
12.30 Мультсериал «Маша и медведь»
13.00 КИНО. Франк Гастамбид в комедийном боевике «Такси 5» (повтор)
15.20 КИНО. Джейсон Стэйтем в боевике «Защитник» (повтор)
17.20 КИНО. Джет Ли в боевике «Бесстрашный»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 КИНО. Жан Рено в боевике «Васаби»
23.00 «Зейнеп» түрік телехикаясы. Соңғы бөлім
00.00 Үнді сериалы «Анупама»
01.00 «31 әзіл»
02.00 What's up
02.30 Сериал «Паутина»
03.20 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.55 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11.55 Легендарный сериал «УЧАСТОК»
13.00 Андрей Ильин, Ирина Вальц в многосерийном фильме «СТАРШАЯ ДОЧЬ»
14.00 «НОВОСТИ»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Александр Половцев, Олег Андреев в многосерийном фильме «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ 15»
0.35 Ночной кинотеатр. «ПРЕДЕЛ ЖЕЛАНИЙ»
2.20 «НОВОСТИ»
2.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.40 «KOREMIZ» бағдарламасы
3.25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.50 «П@УТИНА» бағдарламасы
4.35 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 5.30



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Т/х «Тақиясыз періште»
07.20 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00 Х/с «Женский доктор»
10.00 Х/с «Триггер»
12.20 Т/п «Келесі кім?»
13.00 Т/х «Тақиясыз періште»
14.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Скetchком «Q-елі»
16.00 Х/с «Фемида видит»
17.20 Х/с «Женский доктор»
18.30 Aibat
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Триггер»
22.00 Т/х «Саған сенемін»
23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
00.00 Т/х «Фемида видит»
01.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
02.30 Jaidarman
04.00 Т/х «Япырай»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



KTK

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «OZAT OTBASY», ток-шоу
07.50 «ТОҒЖАН», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
08.40 «СЛУЧАЙНЫХ ВСТРЕЧ НЕ БЫВАЕТ», мелодрама (худ.сериал) (повтор)
12.20 «ЧУДО ПО РАСПИСАНИЮ», мелодрама (худ.сериал) (повтор)
01.00 «ЮМОРИНА» шоу-программа (повтор)
02.50 «ТОҒЖАН», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
03.45-
04.30 «OZAT OTBASY» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ХОККЕЙ. КХЛ. «Барыс» (Астана) – «Автомобилист» (Екатеринбург)
09.15 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. Камерун – Бразилия
11.15 FIFA QATAR 2022. Оңтүстік Корея – Португалия. құрамалары
11.45 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. Оңтүстік Корея – Португалия
13.45 FIFA QATAR 2022. Сербия – Швейцария матчының шолуы
14.00 ДЗЮДО. Grand Slam. Токио. Тікелей эфир
16.30 FIFA QATAR 2022. Журнал. (9 шығарылым)
17.00 FIFA QATAR 2022. Камерун – Бразилия матчының шолуы
17.15 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. Сербия – Швейцария
19.25 FIFA QATAR 2022. Оңтүстік Корея – Португалия матчының шолуы
19.45 FIFA QATAR 2022. Журнал. (10 шығарылым)
20.20 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Превью матча. Студийная программа. Прямой эфир
20.50 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. 1/8 финал. Тікелей эфир
22.55 «Катарға дайындық». Деректі фильм
23.50 FIFA QATAR 2022. Журнал. (11 шығарылым)
00.20 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Превью матча. Студийная программа. Прямой эфир
00.50 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. 1/8 финал. Тікелей эфир
02.50 FIFA QATAR 2022. 1/8 финал матчының шолуы
03.05 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Көңілді көліктер»
7.40 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық / «Көжектер»
8.30 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
8.55 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
9.05 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
9.15 «Расулдың хикаялары» ситком
9.30 «Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарлама
10.00 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
10.05 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.45 Анимация. Отандық / «Сиқырлы кітаптар»
11.20 «Оззи»
Толықметражды мультфильм.
12.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.25 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
13.45 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
14.40 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
15.00 «Miss Kaussar» оқу-танымдық бағдарлама
15.10 Анимация. Отандық / «Күшік»
15.15 Анимация. Отандық / «Сәби»
15.30 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
15.55 «Күмбір live» танымдық бағдарлама.
16.10 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
16.25 «А4» ситком.
16.55 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Бөпе»
17.05 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
17.20 Анимация. Отандық / «Жібек»
17.30 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
17.40 «Расулдың хикаялары» ситком
18.10 Анимация. Отандық / «Менің елім»
18.20 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
18.35 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
19.05 Анимация. Отандық / «Көңілді көліктер»

19.35 Анимация. Отандық / «Сәби»
19.50 Анимация. Отандық / «Көжектер»
20.10 «Оззи»
Толықметражды мультфильм.
21.40 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
22.25 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.40 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
23.05 «Ақ құс» телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры – Өнұран»
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
10.00 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
12.00 «Жұлдызбысың»
13.10 «Бақыт құшағында» бағдарламасы
14.00 «Главврач» сериал
17.00 «Көрү керек!» бағдарламасы
18.35 «Жұлдызбысың»
20.00 «SarapTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Астана кеші көңілді»
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23.45 «Выкрутасы» Худ.фильм
02.00 «Көрү керек!» бағдарламасы

TALIMTV TALIMTV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Емен-жарқын
09.00 Абайдың жолы
09.30 Менің анам, әкем
09.55 Саулықтың сыры
10.10 Біздің жанұя
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 Рухани байлық
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.15 Саулықтың сыры
13.30 25-сағат
14.40 По душам
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Подкаст 7-келін»
16.15 «Сенбілік серуен» Views
17.00 Views
18.10 Дара тіл
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 ТамашаLike
20.00 Айтыс Strike
21.00 Идея
22.30 «Жаңғырық» – Таласфильм
23.00 Views



«Асыл домбыра». «Хабар» арнасы. Сағат 17.30-да.

ЖЕКСЕНБІ
4 ЖЕЛТОҚСАН

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Үздік әзілдер
8.00 Балалар кино клубы
9.00 Мультфильмы
9.30 Детский кино клуб
11.00 IQ Almaty
12.00 Сәлем, Алматы!
12.40 Үздік әзілдер
13.50 ТҰСАУКЕСЕР!
Ана мен бала
14.30 Алматинские истории
15.00 Женский кино клуб.
19.00 Телехикая. «Ұлы
Селжүктер» 87 серия
20.00 Телехикая. «Ұлы
Селжүктер» 88 серия
21.00 Телехикая. «Няня.
Бизнес по-кыздарски»
7 серия
22.00 Тұсаукесер! Телехикая.
«Няня. Бизнес по-
кыздарски» 8 серия
23.00 Мужское кино
1.00 Бақытты отбасы
(қайталау)
1.30 Алматы тұнған тарих
1.55 Алматинские истории
2.20 Алматы кеші
3.10 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.00 «Күй-керуен»
7.30 «Дәуір даналары».
Деректі фильм
8.20 «AQSAҮҮТ»
8.45 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жүректегі күз».
Телехикая.
12.00 «Арктика
қорғаушылары».
Мультфильм
(Ұлыбритания, АҚШ,
Үндістан, 2019 ж.)
13.30 «Әзіл әлемі»
15.25 «Қазақтың жігіттері».
Ернар Айдардың
концерті
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ».
Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық
бағдарлама.
Тікелей эфир
20.50 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA
QATAR 2022. 1/8 ФИНАЛ
Тікелей трансляция
23.00 «БАУЫРЛАР».
Телехикая.
(с субтитрами)
0.00 «Көңіл толқыны»
0.50 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA
QATAR 2022.
1/8 ФИНАЛ
Тікелей трансляция
3.00 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама.
3.50 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Нұржан Керменбаевтың
«Қара бала»
атты концерті.
08.00 Мегахит. «Пассажир»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 Тұсаукесер!
«Помощь в дом»
11.30 Тұсаукесер!
«Әке бақыты»
12.30 «Балақай»
13.10 Мультфильм. «На
край света. В поисках
единорога»
14.30 Мультсериал. «Артур и
дети круглого стола»
15.00 Телехикая марафоны.
«Шах сарайының
құпиялары»
17.00 Тұсаукесер!
«Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Жеті қазына»
мега шоуы

19.30 Тұрсынбек Қабатовтың
«Jur-jubuten» шоуы
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских
расследований»
22.15 Мегахит. «Закон
доблести»
00.00 «Культурный контекст»
01.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 КИНО. Абунасыр
Сериков в комедии
«Семьянин» (повтор)
11.50 Анимационный фильм
«Суперсемейка»
(повтор)
14.30 КИНО. Джейк
Джилленхол в
фэнтезийном боевике
«Принц Персии. Пески
времени» (повтор)
17.10 КИНО. Мартин Фриман
в фэнтези «Хоббит.
Битва пяти воинств»
(повтор)
20.40 КИНО. Кейт Бекинсейл
в фэнтезийном
боевике «Другой мир 2.
Эволюция» (повтор)
23.00 «Алдараспан»
01.00 Тамаша live
01.30 What's up?
02.30 «31 әзіл»
03.30 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.35 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.25 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
8.35 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
9.30 «ҚАЙМАҚ»
10.00 Наше любимое кино.
«ВОДИТЕЛЬ ДЛЯ ВЕРЫ»
12.20 «ДОКТОР ИВАНОВ.
ЖИЗНЬ ПОСЛЕ
СМЕРТИ».
Многосерийный фильм
15.55 «X FACTOR».
Девятый сезон
Ксения Роменкова,
Константин Самоуков,
Валерия Ходос в
фильме «В ПОСЛЕДНИЙ
РАЗ ПРОЩАЮСЬ»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Дарья Егоркина,
Елизавета Зайцева,
Александр Соколов,
Дмитрий Пчела в
многосерийном фильме
«ПРОСТИТЬ СЕБЯ»
1.00 «ПОЕМ НА КУХНЕ ВСЕЙ
СТРАНОЙ»
2.50 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
4.15 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
До 4.40



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Ернар Айдардың
«Қазақтың жігіттері»
атты концерті
08.30 Т/п «Құтты қонақ»
09.00 Т/п «Смеяться
разрешается»
11.40 Шоу «Битва поколений»
13.10 Скetchком «Q-елі»
13.30 Қуандық Рахымның
«Salem Qazaqstan» атты
концерті
15.20 Х/ф «Брат или брак-2»

17.40 Х/ф «Путь сквозь снега»
20.00 Х/с «Звезды и лисы»
00.20 Т/п «Құтты қонақ»
01.00 Қуандық Рахымның
«Salem Qazaqstan»
атты концерті
02.20 Jaidarman
03.00 Т/х «Япырай»
04.00 Т/п «Тамаша»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «OZAT OTBACЫ»,
ток-шоу
07.50 «ТОҒЖАН», отандық
телехикаясы. С
субтитрами на русском
08.50 «ЮМОРИНА»,
шоу-программа
11.00 «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН»,
деректі фильм.
Тұсаукесер!
11.40 «ТРЕУГОЛЬНИК
СУДЬБЫ», мелодрама
(повтор) (худ.сериал)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы
(худ.сериал)
17.00 «ПЕРСОНАЛЬНЫЙ
АНГЕЛ», мелодрама
(худ.сериал)
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
22.00 «ПОСТОРОННЯЯ»,
мелодрама. Премьера!
(худ.фильм)
00.00 «ЮМОРИНА» шоу-
программа (повтор)
02.20 «ТОҒЖАН», отандық
телехикаясы. С
субтитрами на русском
03.15 «OZAT OTBACЫ»
(қайталау)
04.00-
04.30 «KTK» ҚОРЖЫНЫНАН»,
ойын-сауық
бағдарламасы

QAZSPORT KAZSPORT

06.40 Өнұран
06.45 ХОККЕЙ. КХЛ.
«Барыс» (Астана)
– «Автомобилист»
(Екатеринбург)
08.55 FIFA QATAR 2022. 1/8
финал матчының шолуы
09.10 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты. 1/8 финал
11.15 FIFA QATAR 2022. 1/8
финал матчының шолуы
11.30 FIFA QATAR 2022.
Журнал. (12
шығарылым)
12.00 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты. 1/8 финал
14.00 ДЗЮДО. Grand Slam.
Токио. Тікелей эфир
16.30 FIFA QATAR 2022. 1/8
финал матчының шолуы
16.50 ХОККЕЙ. КХЛ. «Барыс»
(Астана) – «Салават
Юлаев» (Уфа). Тікелей
эфир
19.30 FIFA QATAR 2022.
Журнал. (13
шығарылым)
20.00 «Катарға саяхат».
Деректі фильм
20.55 FIFA QATAR 2022. 1/8
финал матчының шолуы
21.20 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Матч қарсаңында.
Студиялық бағдарлама.
Тікелей эфир
21.50 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты.
1/8 финал.
Тікелей эфир
23.50 FIFA QATAR 2022.
Журнал.
(14 шығарылым)
00.20 ФУТБОЛ. FIFA QATAR
2022. Превью матча.
Студийная программа.
Прямой эфир
00.50 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты.
1/8 финал.
Тікелей эфир

02.50 FIFA QATAR 2022. 1/8
финал матчының шолуы
03.05 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Көңілді көліктер»
7.15 Анимация. Отандық /
«Еркетай»
7.40 «Супер әке» Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық /
«Көжектер»
8.30 «Көңілді жексенбі»
отбасылық бағдарлама
8.55 «Қос алқа» музыкалық-
танымдық бағдарлама
9.05 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
9.15 «Расулдың хикаялары»
ситком
9.30 «Ботақаным» ойын-
сауықтық бағдарлама
10.00 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
10.05 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
10.45 «Білім бәйгесі» оқу-
танымдық бағдарлама
11.20 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық /
«Менің елім»
11.55 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
12.20 «Ақ құс» телехикая.
12.45 «Зак дауыл»
Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
13.25 Анимация. Отандық /
«Суперкөлік Самұрық»
14.05 «Байқа, балақай!»
танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
14.40 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
15.00 «Miss Kaussar» оқу-
танымдық бағдарлама
15.10 Анимация. Отандық /
«Күшік»
15.15 Анимация. Отандық /
«Сәби»
15.30 «Супер әке» Мультхикая.
15.55 «Күмбір live» танымдық
бағдарлама.
16.10 Анимация. Отандық /
«Бетперделі батыр»
16.25 «А4» ситком.
16.55 Тұсаукесер! Анимация.
Отандық / «Бөпе»
17.05 Жаңа маусым!
Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
17.20 Анимация. «Жібек»
17.30 Анимация. Отандық /
«Әл-Фараби»
17.40 «Расулдың хикаялары»
ситком
18.10 Анимация. Отандық /
«Менің елім»
18.20 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
18.35 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
19.05 Анимация. Отандық /
«Көңілді көліктер»

19.15 Анимация. Отандық /
«Еркетай»
19.35 Анимация. Отандық /
«Сәби»
19.50 Анимация. Отандық /
«Көжектер»
20.10 «А4» ситком.
20.40 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
20.55 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
21.15 «Көңілді жексенбі»
отбасылық бағдарлама
21.40 «Зак дауыл»
Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық /
«Бетперделі батыр»
22.25 «Сиқырлы бөлме» көшкі
ертегі.
22.40 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
23.05 «Ақ құс» телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры – Өнұран»
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «Астана кеші көңілді»
10.00 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
12.00 «Жұлдызбысың»
13.30 «Жұлдыздар айтысады»
17.15 «Выкрутасы» Худ.фильм
19.25 «Балуан Шолақ»
Худ.фильм
21.55 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
23.45 «Айнұрдың арманы»
телехикаясы
02.30 «Көру керек!»
бағдарламасы



TALIMTV

07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 «Саморазвитие» –
Маржан коуч
09.55 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменіз»
– Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Аударыспақ» –
Ұлттық спорт
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының
классикасы
13.15 Саулықтың сыры
13.30 Автопортрет
14.10 Тәтті time
14.50 Ұлт саулығы
15.00 ТамашаLike
16.00 «Дода» – Көркем фильм
17.30 Қышқыл мысқыл
18.00 «Қажымұқан» –
футльфильм
18.30 «Балалар сөзі – өсиет»
– Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Talim Speakers
19.35 Пруст сауалнамасы
20.00 «Бір дубль»
21.40 Бақытты отбасы
22.00 Руханият
22.30 Балалық шаққа саяхат
23.00 Views



Футбол. Әлем чемпионаты.
«Қазақстан» арнасы. Сағат 20.50-де.



● ЭДЕТ-ҒҰРЫП

Қазақ халқының жаңа түскен келінге қатысты салт-дәстүрлері жетерлік. Солардың бірі – байырғы заманнан әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан беташар дәстүрі. Халқымызда беташар дәстүрі өтпейінше, жас келіннің жүзін сол ауылдың қыз-келіншектерінен басқа ешкім көрмеген. «Салт-дәстүр» айдарының бүгінгі жазарын ұлтымыздың үйлену тойының басты ғұрпы саналатын беташардың өткені мен бүгініне арнадық.

Беташар – алғашқы той

Беташар – қазақтың келін түсіргенде жасалатын салтының бірі. Дәстүрлі беташар, әдетте, тойға жиналған халық тарқар кезде өткізілген. Шымалдық ішінде отырған келіннің басына орамал жауып, той өтіп жатқан үйдің ең жақын, үлгілі келіндері екі жағынан қолтықтап алып шығады. Беташардың тәрбиелік мәні зор болғандықтан, келіншектің екі жағына тұратын әйелдер жесір, жеңілтек, т.б. болмауы қатаң ескеріледі. Орамалдың теңге түйілген ұшын домбыраның мойнына не таяқтың ұшына байлап, жырау беташар жырын бастайды. Ол шаңыраққа жаңа түскен келінге ата-енесін, үй-ішін таныстырады, қандай туысқандық жақындығы бар екенін, беделін, қадір-қасиетін шебер тілімен жеткізіп, әрқайсысына жеке-жеке сәлем жасатады. Сәлем алған адам жас келінге беретін сый-сыяпатын айтады. Мысалы, сол шаңыраққа жақын ауқатты туыстары құлынды бие, енді біреулері отауға тігетін киіз үй, т.б. берген.

Дәстүр бойынша, жаңа түскен келінді беташар жоралғысы жасалмастан бұрын қыз-келіншектерден басқа ешкім көрмеген. Келіннің бетін ашушы жас келінді ауылдың ардақты адамдарына, күйеуінің ағайын-туыстарына таныстыру шумақтарын өзінше суырып салып айтуы шарт. Ол үшін жырау не

ақын екі-үш күн бұрын сол оттың басына келіп, дайындық жасаған. Үй иесі оның бет ашқан еңбегіне беретін сыйлығын (жылқы, түйе, бірнеше уақ мал, т.б.) алдын ала атап қоятын болған. Егер оның айтқандары көптің көңілінен шықса, онда сол үйдің ең қадірлі адамы, туысы саналған. «Келіннің бетін кім ашса – сол ыстық» деген мәтел де осыдан туған.

Беташардың әлеуметтік бағдарының бірі – танысу. Танысу – Алла Тағаланың ең үлкен бұйрықтарының бірі хәм Пайғамбар сүннеті. Қасиетті Құранда: «...Сондай-ақ, сендерді бір-біріңмен танысып, табысуларың үшін (хәм біріңе бірің қамқоршы дос болып, өзара жәрдемдесіп, тату-тәтті өмір сүрулерің әрі жер бетін көркейтулерің) үшін ұлыстар мен руларға бөліп жараттық», делінген аят бар («Хужурат» сүресі, 13-аят). Алланың елшісі (с.а.с.) сенімді дереккөздердің бірінде келген хадисінде былай дейді: «Кімде-кім басқа біреумен бауырлас болғысы келсе, алдымен оның есімін, әкесінің есімін және кімдердің қатарынан екенін біліп алсын. Өйткені, осылай жасау сүйіспеншіліктің артуына септігін тигізеді».

Құран мен сүннетте айтылған бұйрықты іске асырудың өркениетті түрде шешілген бір жолы – осы беташар.



Расында, мұндай шара пайғамбарымыздың (с.з.с.) сүннетіне негізделген. «Беташар» «алғашқы той» дегенді білдіретін сөз. «Тойдың алғашқысы осы болсын, мұнан соң келіннің соңынан тойлар бола берсін» деген мағынада ғой. Ал жаңадан түскен келіннің бетін ақ орамалмен көлегейлеу салтының мәнісі «бізге бөтен едің, ал енді біздің туысымызға айналдың, бізден болдың» деген мағыналарды қамтиды. Ислам шариғатындағы нормаларды зерделеген адам, пайғамбарымыздың (с.з.с.) исламға қайшы келмейтін, бәлкім соның шеңберіндегі моральдік принциптерімен үйлесетін салт-дәстүрлерге тыйым салмағандығына көз жеткізеді» дейді.

Қазақ халқы засырлар бойы осындай ұлы үрдісті жоғалтпай, көздің қарашы-ғындай сақтап келеді. Үйлену, отау тігу жеңіл қарай салатын оңай шаруа емес. Өзіңнен кейін келер талай ұрпақтың бастауы – ақ неке. Қазақ халқы «он үште отау иесі» деп мақалдағанда, он үштегі ер-азаматтың ең алдымен өз ісіне жауап бере алатындай ақыл тоқтатқандығын ескерсе керек. Өйткені, шаңырақ көтеру жауапкершілігі мол іс. Некелері қиылатын екі жас неке қиылатын жерде бар болуы, екі жақтың бірі үйленуге қатысты қалауын білдіруі, ал екінші жақтың оған «қабыл алдым» деп нақты келісін білдіруі – неке талаптарының бірі. Осы талап орындалған күннен бастап некесі қиылған ерге де, әйелге де үлкен жауапкершілік жүктеледі.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақдәулет АБДРАХМАНОВ,
исламтанушы:

Некесі қиылған ерге де, әйелге де
үлкен жауапкершілік жүктеледі

– Бүгінде қоғамымыз арасында жат пизылды, бұрыс көзқарасты діни ағымдардың белең алғандығы белгілі. Олардың ішінде исламды жамылып, қазақ халқына қарсы іс-әрекет жасап жатқандар да баршылық. Өкінішке орай, сондай ағымдардың қатарына кірмесе де, діни сауатсыздығынан сондай ағымдардың пікірлерін ұстанып жатқан бауырларымыз да жоқ емес. Қазақ ежелден мұсылман болған халық. Қасым ханның қасқа жолы да, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» да ислам шариғатына негізделген болатын. Сіздің сұрағыңызға келсек, қазаққа «беташар» деген керемет дәстүр бар. Бұл дәстүр толығымен ислам аясында пайда болған. Беташардың мәнісі – ауылға, руға жаңадан келін келіп тұрғанда, қиылатын некені ел-жұртқа жариялап, қуанышты хабарды халыққа жеткізу.

● АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ



«Әлмерек» мешіті ашылды

Алматы қаласының бас имамы Төлеби Дәділұлы мен бірқатар аудан имамдары және дін қызметкерлері күрделі жөндеу жұмысы аяқталған «Әлмерек» мешітінің қайта ашылуына қатысты.

Алланың қалауымен, кәсіпкер Рифат Анварұлының демеушілігімен ескі мешіт ғимараты бұзылып, орнына 7 айдың көлемінде сәулеті жарасқан мешіт тұрғызылды. ҚМДБ төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының Астанада арнайы «Әлмерек» мешітіне жіберген сыйлығы мен ыстық сәлемін қаланың бас имамы Төлеби Дәділұлы жеткізді. Рифат Анварұлына Алғыс хат жатыстап, жамағат ризашылық көңілмен иығына шапан жапты.

«Ардақты пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Қала ішінде Аллаға ең ұнамды жер – мешіттер» деп мәні мен мағынасы терең ой айтқан. Олай болса, заманауи үлгідегі сәулеті жарасқан «Әлмерек» мешіті шаһар тұрғындарының сүйікті құлшылық орны болары сөзсіз» деді қаланың бас имамы.

Айта кетейік, Түрксіб ауданына қарасты «Әлмерек» мешіті 1996 жылы жергілікті халықтың ұйымдасуымен салынған. Мешіт алғаш ресми түрде 2000 жылдың 5 шілдесінде ашылған. Мешітте бір мезетте 250 адам намаз оқитын. Уақыт өте келе қабырғалары жарылып, шатырынан су өтіп, мешіт апаттық жағдайға түсті. Ал жаңадан бой көтерген құлшылық үйінде бір мезетте 500 адам намаз оқи алады. Сонымен қатар, мешіт ауласында 500 адамдық орын бар.

● СҰРАҚ-ЖАУАП

НЕКЕ ҚИЮ: куәгерлер қандай міндет атқарады?

Алау
ӘДІЛБАЕВ,
теология
ғылымының
докторы:



Ислам дінінің талабы бойынша үйлену кұпия іске аспауы, қайта керісінше халыққа жариялануы қажет. Оның жария болуы куәгерлердің неке қиылу сәтіне қатысуы арқылы жүзеге асады. Бұған мұсылман ғалымдары Құрандағы сауда келісіміне қатысты аятты дәлел ретінде алады. Себебі, некелесу де өзара ерлі-зайыптылардың келісімі болып саналады. Құранда осындай келісім кезіндегі куәгерлер туралы былай деп айтқан: ауыр жауапкершіліктерді арқалайтын киелі шаңырақ болғандықтан, мұны халыққа жариялауы, құпия қалмауы және арнайы куәлармен анықталуы қажет. «Ер кісілерінен екі куә жасаңдар. Егер екі ер болмаса, онда разы болатын куәлардан бір ер мен екі әйел жетеді».

Үйлену кезінде куәгердің атқаратын қызметі – үйленуге қатысты ұсыныс пен мақұлдауды есту және түсіну. Яғни неке қию рәсімінде куәгерлер үйленгелі отырған ер мен қыздың бір-біріне айтқан ұсынысы мен сол ұсынысты қабыл алуын естуі қажет. Ол

үшін екі куәгер де сол ұсыныс пен қабылдауды бір жерде бірге естулері қажет. Неке қию рәсіміне әрқайсысы бөлек-бөлек келіп, жеке дара еститін болса, куәліктері жарамсыз болады. Сонымен қатар, неке қию рәсіміне куәгер болуы үшін ханафи мәзһабы бойынша келесі шарттар мен талаптар орындалуы қажет:

- 1) Куәнің ақыл-есі түзу, балиғат жасына жеткен болуы. Ақыл-есі жарым, жас бала куәлік жасай алмайды.
- 2) Куәлардың екі ер, яки бір еркек, екі әйел болуы қажет. Жалғыз куәмен неке жүзеге аспайды. Себебі, хадисте «Бір заңды өкілі (уәли) және екі әділ куәсіз неке болмайды» деп айтылған.
- 3) Куәлар азат болуы тиіс.
- 4) Мұсылман болуы қажет.
- 5) Ғұламалардың көпшілігінің көзқарасына қарай неке қияр кезінде көру қабілетінің болуы шарт емес, ең бастысы есту және түсіну қабілетінің болуы шарт. Себебі, куәнің некедегі сөздерді түсінуі қажет. Өйткені, куәнің мақсаты осы. Болмаса куә мұны сөз салу, құда түсу деп ойлауы мүмкін.

Сонымен қатар, ханафи мәзһабы бойынша үйленетін адамның туыстары да неке қию рәсімінде куәгер бола алады. Ата-ана, ата-әже, ерлі-зайыптылардың балалары мен қыздары жоғарыда айтылған шарттар мен талаптарға сай болса куәгер бола алады.

Дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС

ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛЕУЕТ

Бұл бағытта алдағы уақытта қандай мәселелерге назар аударылады?

Әлеуметтік қызметкердің
жалақысы қанша?

Бүгінгі күні елімізде әзірленіп жатқан «Әлеуметтік кодекс» шеңберінде әлеуметтік қызметкерлердің мәртебесін көтеру көзделіп отыр. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ербол Оспанов мәлімдеген болатын.



«Әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы орта есеппен 220 мың теңге. Осыны ескере отырып, біз «Әлеуметтік кодекстің» аясында әлеуметтік қызметкерлердің статусын өзгертуді, көтеруді жоспарлап отырмыз. Сол заңнаманың аясында бірінші – мәртебесі көтеріледі, екінші – оларға қойылатын талаптар өзгереді, үшінші – олардың жалақы мәселесі қаралады. Ол үшін біздің министрлікте арнайы жұмыс тобы құрылған. Осы жылдың соңына дейін сол жұмыс тобы өзінің жалақы, мәртебе жайында ұсыныстарын береді. Сосын оның барлығы заңға енгізілетін болады», – деді Ербол Оспанов.

Оның сөзіне сүйенсек, қазіргі күні Қазақстанда 12 мыңға жуық әлеуметтік қызметкер бар. Олар халықтың әртүрлі санатына өмір сүру сапасын жақсарту және күрделі өмірлік жағдайдан шығу үшін көмек көрсету мақсатында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

Қарттар мен мүгедектерге
үйіне барып көмектеседі

Елімізде 12 мыңнан астам әлеуметтік қызметкер отандастарымызға қызмет етіп келеді.



Олар, әсіресе, қарттарға, мүгедек жандарға, оның ішінде балаларға, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға, тұрмыстық зорлық-зомбылық пен адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер (АӘҚ) көрсетеді.

Әлеуметтік қызметкердің негізгі міндеттері – қызмет алушыларды өзіне-өзі қызмет көрсету, өзін-өзі бақылау, қарым-қатынас дағдыларына үйрету. Сондай-ақ, олардың отбасы мүшелерімен оңалту іс-шараларын іске асыру және қызмет алушылардың қоғамда өздерін бейімдеу бойынша жұмыстар жүргізеді, әлеуметтік төлемдер мен басқа да әлеуметтік қолдау шараларын алуға жәрдемдеседі.

Медициналық-әлеуметтік мекемелерде қызмет ететін әлеуметтік қызметкерлерден бөлек, үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерінде 11 395 әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді.

Ең төменгі айлық
қаншаға өседі?

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде ең төменгі жалақыны (ЕТЖ) айқындаудың жаңа әдістемесін әзірлейтін арнайы жұмыс тобы

Ел бюджетінің басым бөлігі жылда әлеуметтік салаға бөлінетіні белгілі. Себебі, кез келген мемлекеттің бет-бейнесі оның халқының әл-ауқатымен өлшенеді. Яғни халық – қоғамның барометрі. Президент Жолдауында да әлеуметтік салаға баса көңіл бөлінетіні шегелей айтылғанын білеміз.

құрылғаны белгілі. Бұл әдістеме ЕТЖ мөлшерін кезек-кезеңімен ұлғайтуға мүмкіндік беретін болады дейді мамандар.

Биылғы ЕТЖ 60 мың теңгені құрайды, ал 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 70 мың теңгеге дейін ұлғайтылады. Осылайша екі жыл ішінде ЕТЖ мөлшері 65% көтеріледі (2022 жылы 41% және 2023 жылы 17%). Бұл шара жалақысы ең төменгі деңгейдегі 1,6 млн жалдамалы қызметкердің ақшалай табысының өсуіне әкеледі.



Жұмыс тобы әдістемені әзірлеу кезінде әлемдік тәжірибеде қолданылатын ЕТЖ мөлшерін анықтаудың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері мен тәсілдеріне сүйенеді. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан үшін тиімді болатын бірнеше нұсқаны қарастыруға болады.

Біріншісі – өмір сүру құнын талдау, тұтыну себетінің құны, ең төменгі күнкөріс деңгейі, инфляция деңгейі, экономиканың өсу деңгейі, орташа жалақы деңгейі сияқты көптеген факторларды қолданатын кешенді тәсіл. Бұл тәсіл Еуропалық Одақтың көптеген елінде қолданылады.

Екіншісі – орташа табысқа негізделген ЕТЖ анықтау. Халықаралық еңбек ұйымы ЕТЖ орташа жалақының кем дегенде 50%-ын құрауы керек деп санайды.

Осыған ұқсас тәсіл Франция, Бразилия, Коста-Рика, Нидерланды және Малайзия сияқты елдерде қолданылады. Мұндай тәсілді қолдану кезінде дәстүр бойынша ЕТЖ деңгейі жыл сайын белгіленеді, төмендетілмейді және күнкөріс деңгейінен төмен бола алмайды.

Қазіргі уақытта жұмыс тобының мүшелері барлық мүмкін нұсқаларды зерделеп, таразылап жатыр.

Демалысқа шыққандардың
зейнетақысы қалай есептеледі?

Жасы жетіп құрметті демалысқа шыққан жандардың зейнетақысы қалай есептеледі? Бұл туралы да ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік министрлігі өкілдері түсіндірді.



Ведомствонның мәліметінше, 2018 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіндегі өтілін ескере отырып әр алушыға жеке тағайындалады. Бұл ретте 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ынтымақты жүйеде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарнасы (бұдан әрі – МЗЖ) төленген кезеңдер зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне қосылады.

Егер азаматтың зейнетақы жүйесіндегі өтілі 10 жыл немесе одан аз болса, сондай-ақ егер мүлде жоқ болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54 %-ды құрайды, содан кейін 10 жылдан асқан әр жыл үшін оның мөлшері 2%-ға артады. Мысалы, егер сіздің өтіліңіз 20 жыл болса, базалық зейнетақы төменгі күнкөріс деңгейінің 74%, ал 30 жыл болса, онда 94% құрайды.

Еңбек өтілі 33 жыл немесе одан көп болса, күнкөріс деңгейінің ең жоғарғы мөлшерінде белгіленеді.

Егер бір ай ішінде міндетті зейнетақы жарнасы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірнеше рет аударылса, жинақтаушы жүйеге қатысу мерзімі бір айды құрайды.

Осылайша міндетті зейнетақы жарнасы неғұрлым тұрақты және толық көлемде аударылатын болса, зейнет жасына жеткенде базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері соғұрлым көп болады.

Өз кезегінде азаматтың жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1998 жылғы 1 қаңтардағы жұмыс өтіліне (кем дегенде 6 ай қажет) және зейнетке дейінгі кезеңдегі орташа айлық табысына байланысты болады.

Ешкім көмексіз қалмайды

Министрлік мәліметінше, асыраушысынан айырылған 156 мың адам ай сайын 46 мың теңге жәрдемақы алып отыр. Жыл басынан бері қазақстандықтарға мүгедектік және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша 327 млрд теңгеден астам сомаға жәрдемақы төленген.



2022 жылғы қыркүйек айында республикалық бюджеттен мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуге 28,8 млрд теңге, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша 7,2 млрд теңге бөлінген.

2022 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың саны 534,6 мың, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша 156 мың адамға жетті.

Мүгедектігі және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері мүгедектік тобына және себебіне, қайтыс болған асыраушының асырауындағы адам санына, сондай-ақ тиісті қаржы жылына арналған «Республикалық бюджет туралы» заңда белгіленетін ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты болады.

2022 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша мүгедектігі бойынша төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері 53 802 теңге, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша төленетін жәрдемақы – 46 328 теңгені құрады.

P.S.

20 қарашада баршамыз Қазақстан Республикасының Президентін сайлауға дауыс бердік. Дауыс – бұл біз бен сіздің, қоғамның, елдің жарқын күндеріне кепілдік беретін үніміз, үмітіміз және сеніміміз. Біз дұрыс таңдау жасадық. Біз әлеуметтің әлеуетін биік деңгейге көтеретін Президентімізді таңдадық.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылғы 25 қарашада сағат 15.00-де Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі Д.О. Темірбековтың және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Б.К. Тәшеновтің қатысуымен Алматы қаласының тұрғындарымен 2021–2025 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарын іске асыру туралы есеп беру кездесуі өтеді.

Кездесудің өтетін орны: Алматы қ., Шевченко к-сі, 28, 3-қабат, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ғылым ордасы» ғимаратының кіші залы.

Барлық қызықтыратын сұрақтарды келесі электрондық поштаға жіберуге болады: d.dgip_almaty@minfin.gov.kz
Байланыс орталығы: 222-10-60, 222-10-64,
ұялы тел: 8 701 786 75 48.

БІРЕГЕЙ ОТА

Аяққа тұрды

Орталық қалалық клиникалық аурухана дәрігерлері 37 жастағы пациенттің омыртқасындағы жарықты алып тастады. Жоғары технологиялық ота міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде жасалған.



Нұржамал
ӘЛШЕБА

Нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Марат Алматовтың айтуынша, науқастың бел омыртқадағы остеохондроз бен жарықтың зардабын тартқанына бірнеше жылдың жүзі болған. Бұлшық еттердің семуі салдарынан сол аяғын баса алмай қалған.

Жарықтың мұндай түрі омыртқа құрылымының бір бөлігін алып тастауды қажет ететіндіктен әдетте ауыр ота жасалады. Осы жолы мамандар ақылдаса келе, емнің мейлінше жеңіл әрі ең тиімді шағын инвазивті тәсілін таңдады. Бұл әдіс кеуде-бел омыртқа тұсында қысылып тұрған жұлын құрылымын толық қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

«Операция жұмсақ тіндерді кеспей, тубустық кеңейткіш арқылы жасалды. Мұндай хирургиялық операция біздің стационарда тұңғыш рет жасалып отыр. Винттер тері арқылы енгізілді. Операция барысында омыртқа арасына жасанды диск орнатылды. Үш сағатқа созылған ота сәтті аяқталды», – дейді Марат Алматов.

Жаңа технологиялардың көмегімен жасалатын заманауи емдеу әдісі арқылы операция уақытын қысқартып, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, пациент отадан кейін көп ұзамай аяққа тұрады.

«Кейінгі кезде өз аяғыммен жүруден күдер үзе бастаған едім. Мүгедек арбаға таңылдым. Қазір өзім жүріп-тұрамын. Айығып келе жатырмын, ауырсыну сезімінен арылдым. Нейрохирургия бөлімшесінің дәрігерлері мен медбикелеріне алғыстан басқа айтарым жоқ», – дейді пациент.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектерді көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. Редакцияның мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегі (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША

eGov-те жаңа қызмет іске қосылды



Сыбайлас жемқорлық қылмысы туралы ақпаратты енді eGov.kz порталы мен eGov мобильді қосымшасынан алуға болады, бұл туралы ҰАТ баспасөз қызметі хабарлады.

Қызмет онлайн-режимінде қолжетімді және тегін көрсетіледі. Жаңа қызметтің көмегімен сыбайлас жемқорлық қылмыстың болуы немесе болмауы туралы мәліметтер алуға болады:

азаматтық қызметке кіру кезінде;
квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасу кезінде.

Бұған дейін мәліметтерді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті және оның өңірлік басқармалары азаматтардың жеке өтініштері бойынша E-otinish азаматтардың өтініштерін қабылдау мен өндеудің бірыңғай платформасы арқылы алуға болатын.

Мәліметтер жұмыс берушіге ұсынылғаннан кейін жұмысқа қабылдау туралы шешімді жұмыс беруші қабылдайды. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамның квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуына жол берілмейді.

Бұл жаңартулар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шеңберінде жүзеге асырылғаны айтылды. eGov.kz порталында жаңа қызметті алу үшін пайдаланушылар:

порталда авторланудан өту; басты бетте «Азаматтарға» – «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» – «Жұмысқа орналастыру және жұмыс іздеу» бөлімін таңдау қажет;

«Адамның сыбайлас жемқорлық қылмысы туралы мәліметтер беру» қызметін таңдап, «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басу қажет; қызметке ЭЦҚ қою және алу.

Қызмет көрсету мерзімі: 10 минут; қосымша тексеру қажет болған жағдайда – 5 жұмыс күні;

қосымша тексеру жүргізілген жағдайда, 3 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші сұрау салуды алған сәттен бастап 20 жұмыс күні өткен соң қайта өтініш беру қажеттігі туралы аралық жауап жолданады.

Қызмет көрсету нәтижесі – хабарлама, жеке кабинетте «Қызметтер тарихы» бөлімінде түпкілікті процестік шешім қабылданбаған сыбайлас жемқорлық баптары бойынша қозғалған қылмыстық істің болуы не болмауы туралы мәліметтер болады. Мәліметтер eGov mobile-ге Хабарландырулар бөліміне жіберіледі.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕБА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



**Балалар
жылы
2022**

«Қақпақтар қалашығының» тұрғындары



Рая
ЕСКЕНДІР

Биылғы Балалар жылының ерекше мазмұнмен өтуіне қаламыздағы барлық мектепке дейінгі мекемелер өз үлестерін қосып жатыр. Алатау ауданына қарасты Айнұр Батырбекқызы басшылық етіп отырған №37 бөбекжай-балабақша қызметкерлері мен бүлдіршіндері де осынау елеулі оқиғаның бел ортасынан табылып, мазмұнды іс-шаралар өткізуде.

Қазір байқасаңыз, кокыс қалдығынан көп нәрсе жоқ екен. Пластик ыдыстан көз ашпай-сыз. Сол керексіз баялаңның қақпағын №37 балабақша ұжымы кедәге асырып жатыр. Ұжым мүшелері керексіз қоқыстың өзін пайдаға асыруға болатынын дәлелдеді. Көбіне бұл шет мемлекеттің тәжірибесіне жүгініп, «ойпырм-ай, шетелде қоқыстан да пайда тауып, киім-кешек тігеді екен» деп жатамыз. Сөйтсек, бұл біздің де қолымыздан келеді екен.

Осыдан біраз уақыт бұрын балабақша тәрбиешілері «Қолөнер» сабағында қызық қалдықтарынан ойыншықтар жасап, көпшілікті тәтті еткені бар. Әсіресе, шебер қолдан шыққан қуыршақтар өте әдемі, әрі жүзі жылы. Мұндай мейірімді қуыршақтар баланың жан-дүниесін кішіпейілдікке баулыры анық. Сонымен қатар, мұндай ойыншықтар балда ағзасына зиянсыздығымен де ерекшеленеді. Қазіргі таңда №37 балабақша ұжымы «Қақпақтар қалашығы» жобасымен оқу-қызметін жүзеге асырып отырған бірден-бір мекеме. Қақпақтардан жасалған дүниелердің барлығы да балалардың таным дүниесін кеңейтіп, олардың қиялына қанат бітіреді. Балабақшаның әрбір тобына бөтелке қақпақтарынан өріп жасалған кілемшелер төселген. Бұл төсеніштерді бүлдіршіндер жалаң аяқтарымен басып, табандарына массаж жасайды. Бөбек-жай-балабақша меңгерушісі Айнур Батырбекқызы бірлескен жұмыстың қашан да нәтижелі болатынына нық сенімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

СОҢҒЫ АПТАНЫҢ ЖҮГІ АУЫР

«Бозқырау», «Үлкен қараша», «Қауыс» сияқты қауіпті амалдар өтті. Апта соңында қыстың алғашқы амалы – «Қырбастың қызылы» тұр. Осы аптада «Құс жолының» бауыры ағарып тұрады

Айдың 23-і күні Мерген жұлдыздар шоғыры төрге озып, төбеге шықты. Ол «Құс жолында» орналасқан. Галактика орталығы Мергеннің бағытында орын тепкен. Мерген жұлдызы аясында өмірге келгендерді – мереке, думанның адамы деп айтуға болады. Олар өмірді ерекше сүйетін, айналасындағыларға көтеріңкі көңіл күі сыйлау білетін жандар.



**Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ**

Еліміздегі ірі компаниялар мен мемлекеттік қызметте жоғары лауазымда жүрген адамдар арасында мергендер аз емес. Олар қаржылық элита арасында да тығыз орналасқан. Мергендер еш уақытта сараңдық танытпайды, тиын санауды да ұнатпайды. Оның бойындағы оптимистік және сөзшеңдік қасиеті туа бітті берілген. Күнделікті тіршілік олардың ішін пыстырады...

«Үлкән караша» амалы әлі жүрүп жатыр. Айдың 28-іне дейін көрініс береді. Осы айдың 20-сынан басталган «Кауыс» амалы өткенде айтканымыздай, карашаның 25-інде тоқтайды. Амал бойынша, осы кезде жеңіл әрі жұмсақ қар жауатын болған. Ауа райы біртіндеп суыйды. «Кауыс» сөзі «ақ қар» деген мағынаны білдіреді екен.

Қарашаның 25-інен Үркер батып, қыс тоқсанның басы басталады. Сол себептен, алдағы суықтарға шыдамайтын кәрі-құртан, көтерем малдарды сойып, «күз-соғым» жасайды.

«Қараша келмей, қар жаумас» дейді. Қар қарашаның алғашқы күндерінде түсіп, ерімей жатып қалса, қыс ұзақ болады деп болжаған. «Осы айда адамды, малды ықтырып, бет қаратпайтын суық жел соғады, оны



ел арасында «ықтырма жел» деп атайды» дейді пайымда. Мұндай жағдай Алматыда ай басталғалы көрініс берген жоқ. Еліміздің шығысы мен солтүстігінде толық деңгейде орын алды. Оны ақпараттардан естіп жатырмыз.

Қараша-желтоқсан айларының тағы бір ерекшелігі киіктер үйірге түседі. Халықтың бақылауы бойынша, киіктің үйірге түсетін кезінде күн райында айтарлықтай өзгеріс болады. Солардың әсерінен «киіктің мойын жуары», «киіктің матауы», «киіктің бел-басары» тәрізді ұғымдар пайда болған. Бұлар табиғат құбылысы мен киік тіршілігі арасындағы байланысты аңғартатын атаулар.

Киіктің үйірге түсу мерзімі байтақ даламыздың барлық жерінде бірдей болмайды, әр аймақтың табиғи ерекшелігіне байланысты бір жерде ерте, ал бір жерде кеш өтіп жатады. Киіктің матауы – киіктер үйірге түсетін мезгіл. Киік, акбөкендер бұл кезде үлкен топ құрып, қораланып жиналады да, маталады, яғни үйірге түседі.

Желтоқсанның басында болатын алғашқы аязды жұрт «Қырбастың қызылы» дейді және амал кезінде қатты аяз, бет қаратпайтын суық болады.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, айдың – 24-і. Ай есебімен, –29-ы, қазақта 15-і. Апта айдың ортасы мен аяғына сәйкес келіп тұр. Бұл алдағы аптада (қараша айының 24–30 аралығында) ауа райы құбылмалы болады дегенді білдірсе керек. Жауын-шашын орын алады. Бірақ айтарлықтай үзғар болмайтын сыңайлы. Дегенмен, аптаның соңына ала келе жатқан «Қырбастың қызылы» амалының көпін ұмытпаған жөн.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

*Күн қимылына қарап жасалған
жорамал:*

- * Ертенгі күн құлактанса, елінді жау шапқандай қорық.
- * Кешкі күн құлактанса, келінің ұл тапқандай қуан.
- * Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяздық белгісі.
- * Күн құлақтанып батса, ауа райы жылы болады.
- * Күн қораланса, күрегіңді сайла.



ҚОЛ БОСТА

Ск а н в о р д

Құрастырған Нұр ЖАМАЛ.

	→		↘				↘		↗			Қытай философ.			
				Ағұстар	↓	Өнердің өкілі		Батыр Мұратбас		↓	↓	↓			
		Хим.элемент.			Күл	↓			Ишара Мезгіл	Америка кин.					
		Тағлым			Немере	→					Балық				
	↗							Теңіз шұңғымасы		Ойын	↗		↓		
	↘	Дала сәні	Қорық					Таразы	Жалпы		Таңдану	→	↑		
	↗			Ұшақ Триллер		Түс	→	Ойын	→			↓	Қаратпа сөз		
		Құдай	Кек Аргентина металл. комп.	→	↓	Жануар		Диктор	←	Таңба Есек		Бразилия спортшысы	Таң		
		↓	↓		→	Адалдық Кесеп	Қыз есімі	→	↓			Шебер	↘		
			←	Қуыршақ		Жайлау	←	Өлең Бақыт	→		Ойын	→			
					←	Уақыт Тайпа		←	H ₂ O		Ақын анасы	→	↘		
			←	Айыр Корей тегі Момын	←	...фармация Жануар	→		Рим патшасы	→		Скрипкашы	→	↑	
	→			↑		↓			Өзіл	Өріп			←	На-...	↑
			...-жығы	Қажылық Түгін	→			↓	Ойыншық	↓		↘			
			Ойын	↘			Көлік	→		Оқушыны бағалау	↘	Төл			
	↘								↓			Адал			

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 475,15 теңге

\$ USD/KZT 462,75 теңге

₽ RUB/KZT 7,64 теңге

¥ CNY/KZT 64,87 теңге